



ҰРПАҚ



ТОПЫРАҚ ИІСІ

Сарыарқаның сары даласын шаңдатып келіп қонған алып әуе кемесі еңтігін баса алмай тұр. Есігін ашып еді, алыс жолдан шаршап жеткен жолаушыларды Арқаның аңызғақ желі сергітіп жіберді. Әсіресе, қоңыр жүзді, сымбатты жас жігіт көкірегің толтыра тыныстап, көзін жұмып, үн-түнсіз отырып қалды. Танауына таныс иіс келгендей...

немесе ҚАРАШЫҒЫНДА ҚАРАҒАНДЫСЫ ҚАЛҒАН ҰЛ

Ол осыдан 15 жыл бұрын құрлық асып кеткен қазақтың кара домалақ баласы. Аты — Дәурен. Америкалық отбасы асырап алыпты. Небәрі бес жасында мұхит асқан. Бес жас деген бал-бұл шак емес, көз тоқтатып қалған уақыт. Дәурен дүние есігін ашқаннан бастап Қарағандыдағы «Ботагөз» бөбектер үйінде тәрбиеленген. Қос жанары мөлдіреген қараторы бүлдіршін балалар үйінен кейін мейірім мен махаббатты шетелдіктерден көріпті.

Қазақ жерінен 15 жыл бұрын кетсе де, Дәурен топырақ иісі мен жетімдер үйінің иісін әлі ұмытпапты. Бәрін еске түсірді. Көз алдынан көп естелік зырғып өтті.

— Өткен шағымдағы көп естеліктерді ұмыта бастадым. Бірақ жетімдер үйінің иісі мұңымда қалып қойыпты, — деп бастады ол әңгімесін ағылшын тілінде. — Қандай құдірет десеніңші! Кеше өзім тәрбиеленген балалар үйіне кіріп келгенде, балалық шағымдағы кейбір сәттер көз алдымнан жүгіріп өтті. Алеша деген досым мен Людмила деген апайды есіме түсірдім. Кейде қарашығымда Қарағанды деген қала тұрып алатын. Түс пе, елес пе, белгісіз бейне...

Ал Америкаға барған сәттерді ұмытып қалдым. Тек ұзақ уақыт ұшакпен ұшқанымызды, қатты шаршағанымды ғана білемін, — дейді.

Туған жердегі балалық шактан қалған бар естелігі осы. Егер америкалық отбасы асырап алмағанда, Қарағандының кара баласының қазіргі өмірі қалай болар еді? Белгісіз...

Тоғыз ай көтеріп, ауыр азап, жеңіл тозағын көрмесе де, 15 жылдан бері аналық мейірімін беріп келе жатқан Холли Паркер көпбалалы болуды армандаған екен. Бірақ екі баладан кейін, құрсақ көтере алмапты. Сөйтіп жүргенде Америкадағы балалар үйінен бір қыз баланы асырап алады. Кейін арнайы бағдарлама бойынша Қазақстаннан денсаулығында ақау бар балалардың Америкаға келгенін естіген. Жанары жәудіреген бүлдіршіндерді көрген сәтте, Холли ханымның көзі осы Дәуренге ауыпты. «Сүйкімді бала екен. Ақыл-есі дұрыс. Тек дене бітімінде аздап кемістігі болды. 4-сыныпка дейін емдеттік. Қазір денсаулығы жақсы. Екі иығына екі кісі мінгендей алпамса денелі жігіт болып өсіп келеді», — дейді ол.

(Жалғасы 5-бетте)



АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

Жуырда Астанада өткен әскери техника мен қару-жарақ көрмесі кезінде қатты соққан желден баннер құлап, 66 жастағы ер адам көз жұмған болатын. Осы шараға жауапты мекеменің жетекшісі марқұмның отбасынан кешірім сұрады. Бірақ қара жамылған шаңыраққа әлі күнге дейін өтемақы төленбепті. Осыған орай апта басында өткен үкімет отырысынан кейін, біз қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұловтан мәселенің мән-жайын сұрадық.

«ӨЗ АТЫМНАН АҚША АУДАРҒЫМ КЕЛГЕН»...



— Бейбіт Бәкірұлы, KADEX-2018 көрмесіндегі жазатайым жағдайда көз жұмған азаматтың отбасына әлі күнге дейін материалдық көмек көрсетілмейді. Неге? Өздері бас тартып отыр ма, әлде сіздер төлей алмай отырсыздар ма?

— Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі KADEX көрмесі кезінде көз жұмған азаматтың отбасына өтемақы төлеуден бас тартқан емес. Біз қайғылы оқиға болған күні материалдық көмек беру мәселесін қолға алдық. Сол күні өтемақы беруге дайын болдық. Тіпті өз атымынан да ақша аударғым келген. Бірақ марқұмның туыстары бізге есепшоттың нөмірін бермей отыр. Әлі күнге дейін күтіп отырмыз. Бір рет емес, бірнеше рет сұратуадым.

— Сонда қанша қаржы аударасыздар?

— Егер есепшоттың нөмірін берсе, әрбір әріптесіміз оған өзінің мүмкіндігінше көмек көрсетеді. Сондықтан өтемақының көлемін қазір айта алмаймын. Көрменің техникалық операторы болған компания да, біздің министрлік те есепшотты бірнеше рет сұрадық.

— Тағы бір сұрақ. Жуырда Батыс Қазақстан облысының аумағына Ресей жеріндегі әскери полигоннан ұшырылған зымыранның отын бағы құлап, сол қалдықтың кесірінен дала өртенді. Бұл техникалық ақаудың салдарынан ба, әлде басқа себебі болуы мүмкін бе?

— Мен өзім басқаратын салаға қатысты нақты айтарым — ол уақытта «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ешқандай зымыран ұшырылған жоқ. Сондықтан Батыс Қазақстан облысындағы жағдайда байланысты ештеңе айта алмаймын. Бұған басқа ведомство жауап беруі керек.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

МЕРЕЙ

АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ

Заманауи әдебиеттің классигі Әбдіжәмил Нұрпейісов өз анаға арнап жазған дүниесін өзге басылымдарға емес, «Жас қазаққа» беруді жөн көріпті. «Жастар оқысын, үлгі-өнеге алсын» деді сөз зергері. Мерейіміз өсіп, қуанып қалдық. Терең ризашылығымызды білдірдік. Жазбаны алмақ болып, абыз ағаға жолықтық. Арғы-бергі әдебиет пен қоғам төңірегіндегі кесек-кесек пікірін, кестелі тілден өрілген әңгімесін тыңдап, жан-дүниеміз байып қайттық.

Қаламгер қиындыққа қыңбай, сегіз баласын жалғыз өзі жеткізген, бүгінде аналардың анасы болып отырған 90 жастағы қарапайым қазақ әйелінің ерлікке пара-пар өмірін жазуына арқау етіп алыпты. Біздіңше, қазір жер-жерде айтылып жүрген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзегінде де қоғамның тұтқасын ұстап отырған аналарымыздың жанқиярлық еңбегін, өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз өнегесін дәріптеу жатуы тиіс. Адамзаттың тірегі, жапырағын жайған мәуелі бәйтерек — Анадан алар тағылым мол. Қайраткер жазушының жүрекжарды лебізін оқи отырып, бұған тағы да көз жеткізесіз.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

74,32



DOLLAR

343,11



EURO

401,61



РУБЛЬ

5,51

АҚЖОЛТАЙ

Сонымен қатар Питер коммуналары көшесі — Лев Толстой, Лениногор — Теміржолшылар, Комсомол — Жастар болып өзгертілді. Қаланың қақ ортасындағы «Жастар» саябағы Қасым

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ



Қайсеновтың есімін иеленді. Өскеменде есім-соыы белгісіз болып келген 23 көше Ақбауыр, Толағай, Ақшоқы, Арасан секілді қазақы атаулар алды.

Қоғамдық тыңдаулар бойынша қаулы қабылданып, республикалық ономастикалық комиссияға жіберілді.

ТУРИЗМ

Бурабайдың көгілдір қырқа жоталарымен көктей өтіп, Оқжетпестің өзімен бой таластыратын, әлемде сирек кездесетін осы заманғы талапқа сай трамплин алыстан көз тартады. Бұл тек тау шаңғысы ғана емес, еліміздегі туризмнің дамуына айрықша серпін беретін нысан.

болатын. Шаңғы базасы қысы-жазы жұмыс істейтін болады. Аталмыш спорт кешенін салуға барлығы 38 миллиард теңге қаржы жұмсалған. Шаңғы базасы қысқы спорт түрлері (*шаңғы жарысы, биатлон, тұғырдан секіру*) бойынша әлемдік талаптарға сай салынған. Нысанға шаңғы жолы, 90 және 125 метрлік биіктіктен секіру тұғыры (трамплин), 200 орындық қонақүй, 250 орындық асхана, жүзу

шаруасы. Бурабайда ғана емес, Имантау, Шалқар, Баянауыл, Түркістанда да туризмді дамытуды қолға алуымыз қажет. Түркістан туризмді дамытуға өте қолайлы. Ең бастысы, инфрақұрылымды дұрыстауымыз керек. Мен барлық облыстық әкімдіктерге тапсырма беремін. Бурабай курорты туристердің арқасында бюджетке табыс әкелетін болады», — деді.

Елбасы бүгінде 10 туристік аймакка баса назар аударылатынын айтты. Олар — Иман-тау, Баянауыл, Түркістан, Алматы облысы, Шарын шатқалы, Алакөл, Каспий жағалауы және басқалары. «Бурабайдан кейін Имантау-Шалқар курорт аймақтары бар. Павлодар облысында Баянауыл курортының әлеуеті зор. Түркістан ерекше маңызға ие. Ол жерде жақсы туристік орталық қалыптастырумыз керек. Туризм Түркістанда қазірдің өзінде бар. Әр жыл сайын оған 1,5 миллионға жуық турист келеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы туристік нысандарға субсидия бөлу көзделіп отырғанын айтты. Ал Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин Нұрсұлтан Назарбаевқа елімізде туризм саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндап берді. Ол «Үкімет «Қазақстан туристері ағыны» мемлекеттік жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізде.

Жобаның 7 басым бағыты бар. Онда туризм саласында бәсекелестікті өрістету мәселесін түбегейлі шешіп, ел экономикасының 33 саласын біріктіру көзделіп отыр. Біздің негізгі мақсатымыз 2023 жылға дейін қазіргі экономикадағы туризмнің үлесін 1,9 пайыздан 8 пайызға дейін ұлғайту», — деді. Оның ойынша, болашақты болжаған көрсеткіш әлемнің жақсы дамыған мемлекеттерінің деңгейінде болмақ.

Сондай-ақ А.Мамин еліміздегі туристер ағынын арттыру жоспарымен бөлісті. Оның айтуынша, 2023 жылдарға қарай туристер ағынын 2 миллион адамға жеткізу көзделіп отыр. Бұған қоса, ішкі туризмді 500 мың адамнан 2 миллион адамға, яғни төрт есеге арттыруға күш салынбақ.

Бурабай баурайындағы жасалып жатқан игі шаралар ел туризмінің одан әрі дамуына соны серпін беретіндігі анық.

(Өз тілшіміз)



БАСЫНА КӨКШЕТАУДЫҢ БАҚ ҚОНАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола облысына қарасты «Шучье-Бурабай» курорт аймағында болып, бой көтерген бірқатар туристік нысандарды аралап, жаңадан салынған трамплинді көрді. Елбасына «Шучье-Бурабай» курорт аймағын, «Абылай хан» алаңын, «Ақ бура» курорт аймағын және басқа да нысандарды дамытуға арналған жоба таныстырылды. Сондай-ақ, Елбасы Promenade Burabay нысанының құрылыс жоспарын көрді, бірқатар тапсырма берді.

Трамплинді шаңғы спортының республикалық базасының аумағы — 125,54 гектар. Құрылыс жұмысы екі кезеңмен жүзеге асырылған. Бірінші кезеңде аумағы 111 гектарды алып жатқан шаңғы базасы іске қосылса, екінші кезеңде 90 және 125 метрлік трамплиннен секіру нысаны пайдалануға берілді. Мәдениет және спорт министрлігінің ғаламат шаңғы базасы биыл наурыз айында ашылған

бассейні, дәрігерлік-сауықтыру орталығы кіреді.

Мемлекет басшысының сапары кезінде жаңа шаңғы базасында 200-ден астам спортшының оқу-жаттығу жиыны өтіп жатқан болатын. Қазақстанның трамплиннен секіру спортының ең мықты хас шеберлері пайдалануға беріліп отырған жаңа кешеннің өте сапалы екендігін өздерінің шеберліктерімен көрсетті.

Н.Назарбаев «Осыған дейін туризмді дамытуға толық мүмкіндігіміз болмады. Әр нәрсенін өз уақыты бар. Туризмді экономиканың бір саласы деп есептеуіміз керек. Қазір «Шучье-Бурабай» курортына қатынауға барлық жағдай жасалған. «Астана-Бурабай» автобаны салынды. Теміржол бар. Көкшетаудың әуежайы жұмыс істеп тұр. Енді Бурабай кентінің ішкі жолдарын салып, абаттандырып, демалушыларға қолайлы жағдай туғызуымыз қажет. Бұл облыс әкімінің

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

50

Павлодарда әшкере болған «жалған зейнеткерлер» саны

1

млн. Батыс Қазақстан облысында осынша гектар жер мемлекетке қайтарылды

8

млн теңге. Семейде 14 адамға несие алдырған алаяқ ұсталды

250

мың теңге. Алматының полицейлері көліктерін сатып жатыр

Сөз-Жебе

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан Премьер-Министрі:



«Қажетті қаржының бәрі берілген. Жұмыстың бәрі атқарылды деп отырсыздар. Жалпы сегіз өңірде ғана жатақхана салынған. Өзге өңірлер бар ақшаны ұқсата алмай отыр. Екі айдан кейін жаңа оқу жылы басталатынын ескерсек, білім аламын деп келген жастар тағы тентіреп қалғалы тұр. Еліміз бойынша 75 мың орындық жатақхана салынуы тиіс. Оған бюджеттен 180 миллиард теңге қаралған»

7 сөз

Салығын төлемеген 70 мың астаналықтың есепшоты бұғатталды

Қамқорлық

ЖЕҢІЛДІК ЖАСАЛАДЫ

1 шілдеден бастап 18 жастан асқан I топтағы мүгедектерге күтім жасайтын адамдарға жаңа мемлекеттік жәрдемақы тағайындалды. Бұл туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова мәлімдеді. Жәрдемақының мөлшері – 29 мың 699 теңге.

Ал мүгедектерге күтім жасауға кеткен уақыты зейнетақы тағайындау кезінде еңбек өтілі ретінде есепке алынады. Туабітті I топтағы екі немесе одан да көп мүгедек балалары болған жағдайда, олардың әрқайсысына жеке -жеке жәрдемақы тағайындалады және ай сайын төленеді. Туғанынан бастап I топтағы мүгедектерге



берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері — 54 306 теңге.

Сонымен қатар, бірінші топтағы мүгедектер жеке оналту бағдарламалары негізінде сауықтыру құралдары мен қызметін пайдалана алады.

Қылмыс

Араға аз уақыт саып, әкім орынбасарының үстінен арыз жазды. Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі шағым түсісімен Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Сергей Хорошунға қатысты сот алды тергеуді бастады. Бұл туралы Астанада арнайы брифинг өткізген мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің ресми өкілі Нұрлан Жажин хабарлады.

Арызданушы тарап Сергей Хорошунды бірнеше қылмыстық эпизод бойынша

Үлескерлердің қаржысын иемденіп, 11 жылға сотталған кәсіпкер Валим Машуров «Астана қаласында құрылыс жүргізу үшін қала әкімінің орынбасары Сергей Хорошунға пара бердім», – деп мәлімдеген еді.

АРЫЗДЫҢ ІЗІМЕН



айыптаған. Валим Машуров «Тамыз инвест групп» құрылыс компаниясын басқарған тұста, құрылыс компаниясының пайдасына онтайлы шешім шығару үшін жылжымайтын мүлкті жазып бергенін айтыпты. Дәл қазір Машуровтың тергеуге берген мәліметтері мен айғақтары жан-жақты тексеріліп жатыр. Агенттіктің ресми өкілі тергеу құпиясын сақтау мақсатында өзге

деректер туралы ештеңе айтпады.

Ал тілші сұрағына жауап берген Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев қол астындағы қызметкері тап болған жағдайдан хабардар екенін, тергеу қорытындысы шыққасын, арнайы мәлімдеме жасайтынын айтыпты.

Аптаның айтары

Бас прокуратұрада өткен алқалы жиын құқық қорғау саласындағы біраз шикіліктің бетін ашты. Басқосуға келген құқық қорғаушыларды бас прокурор мен құқық қорғау органдары академиясының басшысы сынның астына алды. Мәселен, құқық қорғау органдары академиясының ректоры Ерғали Мерзадинов аталған оқу орнының кемшін тұстарын баса айтты.

Естеріңізге сала кетейік, жуырда ғана Е.Мерзадинов академияның жана ректоры болып тағайындалған еді. Жаңа басшы академиядағы оқу бағдарламалары практикамен мүлдем үйлеспейтінін, теориядан басқа ештеңе жоктығын айтты. Ол «Мен өзім нақты мысалға негізделген оқу бағдарламасын көрген емеспін. Ашығын айту керек, көбісі академияға ешбір

Еңбек өтілін де жақсы санайды. Сондықтан бүгінгі мәселе дер кезінде көтеріліп отыр», – деп Мерзадиновтың сөзін қосталды.

Қ.Қожамжаров осы жиында қылмыстық саясатты гуманизациялау шаралары туралы баяндады. Оның айтуынша, 260 түрлі қылмыс бойынша қоғамдық жұмыс және бас бостандығын шектеу сияқты жаза енгізіледі. Ал 36 қылмыс түрі бойынша айыппұлдың көлемі төмендейді. Бұдан бөлек, бас бостандығынан айыру мерзімі қысқартатын болады. Аса ауыр қылмыс бойынша жазаға тарту мерзімі 5 жыл деп белгіленген. Осы өзгертулер негізінде бас бостандығынан айырылған 5 мыңға жуық адамды босатуға болады. Мемлекет басшысы ол заңға қол қойған.

Ерғали Мерзадинов басқосуда «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелде кәсіби біліктілігін арттыру жүйесіне өзгерту енгізуді ұсынды. Оның ойынша, құқық қорғаушыларды даярлау жағынан бірқатар өзгерістерді енгізген жөн. Себебі қазіргі жүйенің тиімділігі төмен, шетелде

ҚҰЛЫҚСЫЗ МАМАН ЖИИ «АУЫРАДЫ»

дайындықсыз келеді. Кей кезде адамның жұмыс істеп жүрген саласы оқу бағдарламасымен сәйкеспейді. Демек академияға бос жүрген қызметкерді жібере салады», — деп ашына сөйледі. Оның айтуынша, академия қызметкерлерінің кәсіби дайындығын жан-жақты тексеру қажет. Себебі мамандар жиі ауысады. Үш жылдың ішінде аталған көрсеткіш 60 пайызға жеткен.

Е.Мерзадинов «Еңбек тәртібі осал. Әрбір екінші қызметкер «больничныйда» жүреді. Ал кейбір қызметкерлер бір жылда екі рет емес, 8-10 рет «ауырып» шығады. Мұның барлығы күнделікті, үйреншікті себепке айналды. Сосын академияда үш жыл істесе де, кіретін есікті де білмейтін қызметкерлер бар», — деді.

Ал Бас прокурор Қайрат Қожамжаров академияның жағдайына байланысты өзінің пікірін былай білдірді: «Маған келетін қызметкерлердің көбісі академияға ауыстыруды сұрайды. Содан қатты күдіктене бастадым. Әрине, адам көп талап қойылмайтын жерге барғысы келеді. Сосын ол жақта жалақы жақсы.

оқып келген мамандарға сұраныс жоқ. Мәселен, 25 жылдың ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша 47 қызметкер дайындықтан өтіпті. Олардың басым бөлігі азаматтық және халықаралық құқық саласында білім алған. Бірақ құқық қорғаушылар арасында дәл осы мамандарға сұраныс аз. Құқық қорғау жүйесіне қандай мамандықтар қажет, соны алған дұрыс. Ал үміткерлерді академияның өзі іріктеп отыруы қажет. Оларды нақты өзінің жұмыс саласы бойынша жіберу керек.

Сондай-ақ академия басшысының айтуынша, қазіргі екі жылдық оқуды жарты жылдық тағылымдамамен алмастыру қажет. Алғашқы екі айда оларды академияда оқытқан жөн. Бұл жұмысқа шетелдік мамандарды да тартуға болады. Ары қарай төрт айлық тағылымдаманы шетелде жалғастырған дұрыс. Осының арқасында бюджеттің біраз қаражатын үнемдеуге болады. Ал шетелдік мамандарды тарту арқылы өзіміздегі оқытушылардың біліктілігін арттыруға болады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Мерей

Қадірлі достар! Халқымыздың ұғымында шаңырақ әрбір отбасының төбесіне көтерген киесі ғой; оны тіпті иманы деуге болады; ал, сол атадан қалған бір киелі, қасиетті қара шаңырақтың астында тап осы бүгін, тап осы қазір қанша жасап, қанша өмір сүрсе де, ошағының отын сөндірмей, тірлікпен тайталасып жүріп – бірде жығылып, бірде тұрып, өзінің қайратымен осы күнге жеткен ақ жаулықты ана арамызда отыр; бұл кісіні қайратты күрескер десе де болар еді; енді міне, сол ана бауырынан өрген ұл, қыздары жайған мына көл дариядай, кең, мол дастарханның төрінде отыр. Қане, осы кісіге иіліп ізет қылайық!

**Әбдіжәмил
НҰРПЕЙІСОВ,**
*Қазақстанның
Халық жазушысы*

Аналардың анасы

Роза келін, енді бетінді бұр, маған кара! Сонша жерден мен той-думанға келгем жок, өткен-кеткенді еске алып, осынау дүйім жұрттың алдында сенімен мұндасатын жерде мұндасып, сырласатын жерде сырласкалы келіп отырмын. Қане, әңгімені сонау кезден бастайық! Қарғыс атқыр соғыс бес жылға созылып еді. Халық байғұс ештенесін аямады. Үстіндегі лыпасын иінінен шешіп берді. Алдындағы асты аузынан жырып, қан майданда оқ пен оттың ішінде жүрген әр үй, әр семьяның маңдайына ұстаған бір-бір боздақтарға жіберді де, өздері әбден күйзеліп, сіңірі шығып еді. Сөйтіп, халықтың «шықпа, жаным, шықпа» деп қалт-құлт етіп отырған кезі еді ғой, ол!

Біз жас едік. Жыртық иық, аш құрсақ болып жүріп те, есінде шығар, Роза, сені мен біз көңілімізді ешкімге бермеуші едік. Төкаппар едік. Өркөкірек, өжет едік! Дүние біз үшін жаратылғандай көретінбіз. Төбенде аспан. Табан астында тепсең де былық етпейтін кара жер. Күн күлімдеп тұрғандай еді-ау!

Апырай, сол кездегі жастарға таң қалам, таң қалам да қызығам. Аштық, жалаңаштық, жоқшылық, тіпті миымызға кіріп шықпайтын. Пионервожатый апай драмкружокка шақырса, не киноматеатрда Чапаевтың киносын көрсетеді десе – тұра жүгіретін едік. Егер өзінмен бірге оқитын бір досын қызбен кездесетін болса – үстіндегі жалғыз көйлекті, ұрты тесік бөтенкені аяғыңнан шешіп беретін едік. Оқулық жоқтың қасы. Ал, ақын, жазушылардың шығармасы емге жок. Әлдеқалай бір кітап қолға түссе, бірімізден біріміз алып, таласып оқитынбыз. Қағаз, қарындаш таптырмайды. Сабақты да, тіпті періштеге бергісіз сол кездегі кара көзі жәудіреген қызға хатты да қарындаштың сынық тұқылының ұшына түкіріктеп, түкіріктеп алып жазушы едік.

Қателеспесем, Роза, сен Ойылдансын. Біз Аралданбыз. Қонысымыз бөлек. Бірімізді біріміз білмейміз. Бүгін бәріміздің ағымыздан жарылып, шынайы шындық айтылатын күн. Сен мені біле бермейсін. Ұзақ жасасам

да – білгенімнен білмейтінім көп. Ал, қапы кеткен қателіктер тіпті көп. Кәсібім – жазушылық болғасын ананы бір, мынаны бір қиялдайсын. Ой – түпсіз тұңғыық, қиял – ұшқыр. Ұшқыр қиял алдамаса, сен сонау заманда да құп-құртақандай болып алып тілін тастай, қол-аяғың құстың канатындай, біреу «ал» десе болды, балалардың алдына түсіп зырлап жүгіре жөнелетін желаяқ болған шығарсын-ау, сірә?! Дүние қай кезде де бір орында тұрған жок. Мезгілі келіп, сүрігі жеткенде қарлы, боранды қыс та кетіп, көк майса көктем келіп, өзінің жастық шағына қайта оралар еді. Тек сені мен біз, адамдар қамшының сабындай қысқа өмірде бір-ақ рет көктеп, бір-ақ рет гүлдеп шешек ататын еді де, солатын еді. Бұл – дүниенін, табиғаттың қашаннан қалыптасқан заңы. Адамның бір өмірде бір туып, бір жасап, бір қартайып, сосын көз жұмып, орнын босатып келесі ұрпаққа беруі заңды да шығар. Ендеше, менің қиялым ойлап тапқан әлгі Ойылдың бүлдіршіндей, ал өзі кіп-кішкентай қызы өзінің қатарына қарап, бой түзеп, дем арасында бойжетіп шыға келгенін байқамай қалған болар-ау?!..

Серғазы інім де осал емес еді. Тәңірім оны тумысынан сері қып

емдетпек болып Ақтөбеге келдік. Дәрі алатын ақша жок. Ел жақтан кісі-қара келді ме деп Ақтөбенің қонақ үйіне барып едім. Ашы ішектей созылған ұзын коридордан бір қолында су толған шелек, екінші қолында су сорағалаған еден сүртетін тряпка, ебіл-себіл әйел. Танымай қалдым. Қайта қарағанда жүрегім шым етті. Серғазы қайтыс болғасын, қонақ үйдің кара жұмысын жасайды деп естіп едім. Сені, Роза, білем ғой, сен «қайбір қол-аяғы балғадай» деп ойлағам. Аяғам.

Вот что значит женщина-мать! В безысходный трудный час жизни, ради своих не оперевшихся еще птенцов, находила, значит, в очень уж маленьком, хрупком теле некий резерв силы и решилась на, казалось бы, не посильную, тяжелую и унижительную работу. И тут еще вспомнил... Тогда я босоногий мальчик шляясь возле аула не раз видел птаху-невеличку, которая кормила своих желторотых, прожорливых птенцов из клюва в клюв в гнезде, посреди полыннички степи. Ну, и что?! Она невеличка, тоже мать. Кормила, как могла, жучками, паучками. Что касается тебя, Роза... Ты ведром и половой тряпкой, на заработанные гроши гостиницы Актюбинска вырастила, воспитывала восьмерых своих



жаратты. Ойын, сауық десе, жүрегі алып-ұшып тұрды. Сылқылдатып домбыра тартты. Шырқап ән салды. КГБ-да істеді. Алтын иық офицер. Майор. Словом, парень во-о! Тағдыр екеуінді қосты. Қосақтарымен қоса ағарып, бес ұл, үш қызды болдындар. Өттен, дүние! Өмірі құрғыр бірде тәтті, бірде қатты. Тас бауыр тағдырдың қаталдығын Серғазы екеуің бастарыңнан талай өткіздіндер.

Алла ісіне амал қайсы, Серғазы дүниеден ерте кетті. Үй толған шияттей жас балалар, кәрі кемпір, сен солармен жалғыз қалдың...

Осы арада өзім туралы айта кетуді жөн көріп отырмын. Мәскеуде оқып жүріп, Ажарға үйлендім. Ол да, мен де үй тәрбиесін көрмей, не көрсек те детдомның тәлім-тәрбиесін көріп өсіп едік. Тұла бойы тұңғышымыздың туғанына жиырма күн. Небәрі жиырма-а күн! Байғұс баланы, нәрестені көтеріп киноға бардық. Сол күннің ертеніне бала қырық градус. Отыз күн больницада жатты. Менингит. Ку сүйек. Ішіне ас тұрмайды. Жазғы қаникул еді ғой. Басқа баратын жер жок. Бізге төрт атадан қосылатын, екі баласы соғыста өліп, екі құттай баласы бар келіннің қолына қарап қалған домбырашы Әміржан шалдың үйінде, Шалқардамыз. Баланы

детей. Дети встали на ноги. Окончили школу. Поступили в институты. А Марал, твой ненаглядный коньр козың, құлының поступил в Московский энергетический институт. После окончания института он кем и чем стал, не стану говорить, ибо все сидящие здесь, уверен, знает не хуже меня. Друзья, не кажется ли вам, встать и поклониться в пояс этой поразительной женщине-мать!

Роза келін, қарағым, сен қазір осы өңірдегі халықтың аузында жүрген адамға, келген адамға, сұраған жанға ұйымдастырушылар ерінбей-жалықпай түйсіндіріп жүр. Бұдан бөлек, түрлі мақет койып, қара алтынның тарихына қатысты құнды мәліметтерді қамтыған. Мәселен, мұнай қалай өндіріледі, қайда сақталады, найзағайдан қорғану үшін қандай

әрқайсысы бір-бір үй болып отыр. Бұрынғылар «келін қайын ененің топырағынан жаралады» деген. Келіндерін өзіне тартқан. Қарындары құтты боп, бауырлары балаға толып отыр. Үпірлі, шүпірлі. Олар да қазір сары тіс, сары қарын ана. Сен енді аналардың анасысын. Немере, шөберелердің әжесісін. Кім біледі, қазінесі кең Жаратушы иеміз ғұмыр берсе, ертен-ақ шөпшектердің таудай дәу әкесі боларсын. Рахымды Раббым Алла соған жазғай деп тілейік!



QOŪAM

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

Мейір

Мұнай компаниялары дегенде ойға келетін дүние қомақты қаржы айналымы, сұйық отын, қара алтын көзге елестейді. Әрине, мұнай-газ саласы ел экономикасындағы негізгі күретамыр. Қазақстанның қазынасына, ұлттық қорына түсетін табыстың дені де осы саланың үлесіне тиесілі.

«ҚАЗТРАНСОЙЛДЫҢ» – АСТАНАҒА ТАРТУУЫ

Еліміздегі магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өзге компаниялардан бір ерекшелігі – жомарттығы. Қашанда қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, халықтың әлеуметтік жағдайына, әсіресе қамкөңіл жандардың жан жарасына көңіл бөледі. «ҚазТрансОйл» АҚ Астананың 20 жылдық мерейтойына арнап, қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше этноауылды сыйға тартты. 11 киіз үй тігілген ерекше ауыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдап, бүгіміз бен өткенімізден сыр шертеді. Компанияның мерекеге орай сыйы мұнымен шектелмей, осы күндері еліміздің әлеуметтік осал топтары үшін қайырымдылық марафоны өткізілді. Жалпы 5 күнге созылған этноауыл жұмысын 30 мыңға тарта адам келіп тамашалады. Астаналықтарға ерекше сый ұйымдастыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ 150 тарта қызметкері атсалысты.

4 шілдеден 7 шілде аралығында Елорданың қал ортасында қайырымдылық акциясын өткізді. Бір апта бойы күй күмбірлеп, ән әуелеген этноауылға тамсанбаған жан жок. Арнайы шақырылған қонақтардан бөлек, қала күнін тойлап, серуендеп жүрген астаналықтардың эмоциясынан ұлттық нақыш пен заманауи декорация асқан этноауылды аралап, мерекелік көңіл күйді сезінгені аңғарылып тұрды.

Этноауылдың ашылуы 3 шілде күні Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры Нұртас Шманов, «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры Димаш Досановтың қатысуымен өткен-ді.

Қаз-қатар тігілген ақ шанқан киіз үйлер алыстан көз тартады. Мәдени мұрамыз бен тамыры тереңде жатқан тарихымыздан сыр шертетін бірегей ауылды «ҚазТрансОйл» компаниясының 11 аймақтағы мұнай құбыр басқармалары жасады. Әрқайсысының тақырыбы сан алуан. Мәселен, Қарағанды мұнай құбыр басқармасы «Сарыарқа» атты киіз үйін Елбасымыздың еңбек жолына арнаса, Шымкент мұнай құбыршылары өзінің киіз үйін Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи мен Арыстан баб кесенесіне, ежелгі Отырар мен Түркістан қалаларының ескерткіштеріне әрі тарихына арнады. Сондай-ақ, әр аймақтың тарихи-мәдени, экономикалық ерекшеліктерімен қоса, мұнай саласын қамтыған көрме жабдықтаған. Келген адамға, сұраған жанға ұйымдастырушылар ерінбей-жалықпай түйсіндіріп жүр. Бұдан бөлек, түрлі мақет койып, қара алтынның тарихына қатысты құнды мәліметтерді қамтыған. Мәселен, мұнай қалай өндіріледі, қайда сақталады, найзағайдан қорғану үшін қандай



техникалық ерекшеліктер ескеріледі? Тасымалдау картасында барлығы тайға таңба басқандай көрсетіліпті. Тек қана шақырылғандар емес, жол-жөнекей бара жатқан тұрғындар да арнайы бұрылып келіп, қызығушылықпен көрмені тамашалады. «Қазіргі ұрпақтарға біздің ата-бабаларымыздың дәстүрін, архитектурасын көрсетуге тырысты. Бұл макеттерді екі ай бойы өз жұмысшыларымыз істеді», – дейді «ҚазТрансОйл» АҚ Шымкент мұнай құбыры басқармасының бөлім бастығы Рамазан Қырықбай.

Бұл көрменің терең мағынасы бар. Әсіресе, мектеп-интернаттың балалары ерекше қызығушылықпен, бар ықыласпен тындады. Арнайы мемлекеттік мекеменің тәрбиесіндегі жасөспірімдердің көбінін ата-

анасы бар. Бірақ наукас болған соң сәби күнінде олардан бас тартқан. Дегенмен, олардың елге, жерге, адамзатқа деген махаббаты бөлек.

Этноауылды аралап болған соң балаларға концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Түрлі ойындарға, билерге аса белсенді қатысып, жанында жүрген тәрбиешілеріне шаттана қараған олардың жәутен көздерінен қуанып жүргенін аңғардық. Қайта-қайта қол соғып, ертегі кейіпкерлерінің сөздері мен бііне еліткен балаларға бұл күні дастархан жайылып, бағалы сыйлық үлестірілді.

500-ден аса адамды қамтыған қайырымдылық шарасының бір күні қарияларды қуантуға арналды. Қамкөңіл жандардың этноауылдағы бір күні мың күнге татитындай әсерге бөленді. Өнер жұлдыздарының сырлы, тағдырлы әндерін тыңдағанда көздеріне жас алды. Әсіресе, домбыра мен баянның үні Астананың аспанын әнге бөлегендей болды. Ал табиғат аясында жайылған дастарханда қариялар емен-жарқын өңгіме айтып, сый-сыяпат жасалғанда балаша қуанды.

Астананың туған күніне әр ұжым, әрбір компания, әрбір облыс өзінше үлес қосты. Түрлі нысан салды, концерт ұйымдастырды. Ал «ҚазТрансОйл» қоғамдағы әлжуаз топқа, жүрегі жаралы қамкөңіл жандарға көңіл бөліп, оларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Қарттар үйіндегі, мектеп-интернаттағы тәрбиеленушілер тамаққа, сыйлыққа зәру емес. Бірақ оларға адамның жылуы, мейірім мен махаббат жетіспейді. Міне, «ҚазТрансОйл» ұйымдастырған қайырымдылық шарасы кезінде осы бір олқылықтың орны толғандай болды.

Жалпы ұзындығы 5 377 шақырым магистральдық мұнай құбыры желісін иеленетін «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының өндірістік нысандары Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Әр ұжымда туған жерге, Отанға жаны аштығын, өзінің мамандығын жақсы көретін білікті кадрлар еңбек етеді. Олар тек мұнай саласы емес, рухани құндылыққа да мән береді. Оған осы шара барысында көз жеткіздік. Барлығы бір кісідей атсалысып жүр.

Жезқазған мұнай құбыры басқармасының инженері Сабыржан Оспанов «Келген қонақтар керемет әсер алды. Тігілген сегіз үй белгілі бір тақырыпқа сай жабдықталды. Осы жағына ерекше көңіл бөліп, таң қалып жатты қонақтарымыз. Көбі мұнай туралы жалпылама біледі. Ол жерде

шетелдіктер істейді деп түсінеді. Осы көрмеде олар құбырлардың орналасу картасын, осы саладағы ерекшеліктер туралы қызықты мағлұмат алды. Қайта-қайта сұрап, қызығушылық танытқандарын байқалдық. Біз тек мұнай емес, әр өлкенің табиғи қорықтары секілді қызықты тақырыптарды да қамтыдық. Бұл да елордалықтардың назарын аударған

секілді. Аз күндік көрме арқылы халық тек қана мерекеле ән тындап, серуендеп кетпей қаншама мәлімет алды», – деді.

Қайырымдылық акциясының 7 шілде күнгі қорытынды кешінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның шығармашылық топтары Айқын Төлепберген, Маржан Арапбаева секілді эстрада жұлдыздарымен бірге ән шырқады. Кеш соңында «ҚазТрансОйл» компаниясының мерекелік шарасына атсалысып, этноауыл, концерттік бағдарламасын ұйымдастыруға белсене қатысқан мұнай құбыры басқармалары мен орталық аппарат департаменттері ұжымдары марапатталды.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Инвестиция

Әлемдегі екінші экономикаға айналған Қытай Халық Республикасы ішкі әлеуетін күшейте отырып, шетелдерде инвестициялық жобаларды іске асыруға мықтап ден қойды. Себебі жыл өткен сайын өрши түскен әлемдік бәсекеге қоса, «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы Аспан асты елін өзге мемлекеттермен тығыз экономикалық қарым-қатынас орнатуда ықпал етуде. Бұл ел қазір әлемдік аренада аса қуатты инвестор саналады. Тіпті Еуроодақ аумағындағы дамыған мемлекеттердің өзі қытай инвестициясына мүдделі болып отыр. Бұл жетіде ресми Бейжің араб елдеріне құны 23 млрд долларға жететін жобаларды қаржыландырып, бірқатар елдерге гуманитарлық көмек көрсететінін мәлімдеді.

Шығыстағы көршіміз он бес жылдан астам уақыттан бері Орталық Азия елдеріне де ірі көлемде қаржы құйып келеді. Кейбір сарапшылардың айтуынша, шетелге жіберетін инвестицияның 20 пайызы дәл осы аймаққа құйылады. Географиялық орналасуы жағынан қытай инвестициясының басым бөлігі Қазақстанның үлесінде. Бұл орайда еліміздің инфрақұрылымын дамытуға 20 млрд доллар бөлгенін айтуға болады. Каспий теңізінде айлақтарды, сондай-ақ автомобиль жолдары мен теміржолды дамыту екі жаққа да тиімді.

Еске түсірсек, 2016 жылдың қыркүйек айында екі ел арасында 51 заманауи кәсіпорын құрылысын бастау жөнінде келісімге қол қойылды. Бес жыл ішінде оған 27 млрд доллар көлемінде инвестиция құйылады. Бұл өндіріс орындарының құрылысы 2019-2022 жылдары аяқталуы тиіс. Бірлескен жоба тізіміне енген жобалардың бәрі жана құрал-жабдықпен жаратандырылып, озық технологиямен жұмыс істейтін жана өндіріс орындарын іске қосуға арналған. Осы өндіріс орындарына жергілікті тұрғындарды тарту арқылы жұмыспен қамту еліміздің басты міндеті болып

NARYQ



ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді түрде экспорттауға мүмкіндік беріп отыр. Соның нәтижесінде еліміздің құнарлы да сапалы еті мен ұны бұл елде сұранысқа ие азық-түлікке айналды. Ең бастысы, таза экономикаға негізделген серіктестік шеңберіндегі жобалар сөз жүзінде қалған жоқ. Қолға алынды, біртіндеп орындалып жатыр.

Сөзіміз жалаң болмас үшін, бірлескен жобалардың кейбіріне тоқтала кетейік.

ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ

Алматының Алатау ауданындағы Индустриалдық аймақта салынып жатқан «Эйжа Стил Пайп Корпорейшн» (ASPC) зауыты үлкен диаметрлі болат құбырларды өндіруге арналған. Кәсіпорын биылғы жылдың соңына дейін іске қосылуы тиіс. ASPC бас директоры Чэнь Даю зауыттың тапсырыссыз қалмайтынына сенімді. Айта кеткен жөн, ASPC — бірлескен 51 индустриалдық-инновациялық жобадан тұратын пулдың ішіндегі алғашқысы. Қытайдың

инфузион ерітіндісі, екіншісінде шыны және полипропилен ампуладағы инъекция ерітіндісі шығарылады.

Жергілікті 400 қызметкер еңбек ететін зауыт былтырғы жылы 50 миллион дозадан асатын препарат өндірді. Өнім тек ішкі нарыққа ғана емес, ТМД елдеріне, соның ішінде Ресей, Қырғызстан, Тәжікстанға экспортталады. Экспорт көлемі 10 млн долларға бааланса,

бюджетке 5 млн доллар салық төленді.

Кәсіпорынды дамыту жоспарында дәрі-дәрмек түрін көбейту, антибиотик пен катерлі ісікті емдеуге арналған препараттарды шығаратын жоғары технологиялық желіні кеңейту көзделген. 150-ден астам өнім өндіретін зауытта жылына пластик құтыдағы инъекциялық ерітіндінің 60 млн дозасы шығарылады.

Зауыттың өз зертханасы да бар.

Сонымен қатар тұрақты түрде мамандарды

оқытып, С.Аспандияров атындағы медицина университетімен түлектерді Қытайда тәжірибеден өткізу жөнінде келісімшартқа отырған.

БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ

Huawei — біздің тұтынушыға жақсы таныс. Жер шары тұрғындарының үштен бір бөлігі осы компанияның инновациялық өнімдері мен қызметін пайдаланады. Компания елімізге 1998 жылы келді. Осы кезге дейін ол 400 адамды жұмыспен қамтып, байланыс саласында 200-ден астам маман даярлады.

Компания «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға құлшыныс танытып отыр. Атап айтқанда, қала мен ауылды жерде кен жолақты интернетке қолжетімді ету бағдарламасын жүзеге асыруда ең озық технологияларды қолдануға ұмтылады. Айта кеткен жөн, әлем



бойынша байланыс операторларымен бірлескен іс-қимылдың нәтижесінде компания 1500-ден астам желі құрды. Бұл жер шары тұрғындарының үштен бір бөлігін интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ «Ақылды қала», «Қауіпсіз қала», «Электронды денсаулық сақтау және білім беру», «Ақылды көлік», мәліметтерді өңдеу орталықтарын құру жобасына атсалыспак.

Huawei үшін біздің елімізде жұмысын жүргізу маңызды. Біріншіден, Қазақстан — Орталық Азиядағы алдыңғы қатарлы ел. Екіншіден, еліміз қарқынды дамып, инновацияға ден қойып отыр.

Өткен жылы компания серіктес-ритейлер желісінде 440 000 смартфон сатты. Былтырғы жылдың соңында әлемде тұнғыш рет процессорына жасанды интеллект орнатылған Huawei Mate 10 Pro телефонының тұсаукесерін өткізді.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» ТАСЫМАЛЫ

«Түркіменстан — Өзбекстан — Қазақстан — Қытай» газ магистралінің 1310 шақырымы «Қазақстан-Қытай» бөлігіне тиесілі. Алматыдағы «Азия газ желісі» ЖШС кеңсесінде газ желісінің қазақстандық бөлігін қадағалау орталығы онлайн-режимде осы бөліктің әрбір нүктесі мен нысанын бақылап отырады. Газ желісінің бастапқы нүктесі Түркіменстандағы мұнай-газ кен орындарында, ал ақырғы нүктесі — ҚХР-дың онтүстік провинциялары.

Былтырғы жылы «Қазақстан-Қытай» ГМ арқылы 39,2 млрд текше метр көгілдір отын тасымалданды. Осы желі іске қосылғалы он жыл ішінде Қытайға 200 млрд текше метр, ал еліміздің онтүстік өңіріне 5 миллиард текше метрден астам табиғи газ жеткізілді. 2017 жылы Қытайға тұнғыш рет газ экспортталды. Сөйтіп жыл соңында отандық табиғи газдың 1 млрд текше метрі көршімізге тасымалданды.

Биылғы жылы ҚХР-ға 51 371 млрд текше метр (соның ішінде түркімен газы — жылына 38,7 млрд т/м; өзбек газы — 7,6 т/м; қазақстандық — 5 млрд т/м), ішкі нарыққа 0,5 млрд т/м газбен жөнелту жоспарланған.

Осы бірлескен жобаның еліміз үшін тиімді жағы көп. Транзит әлеуетіміздің ұлғаюына, отандық газ экспортынан пайда табуға, онтүстік өндірілді тұрақты түрде көгілдір отынмен қамтуға, газ желісі бойында инфрақұрылым нысандарының құрылысы және жана жұмыс орындарының ашылуына өз ықпалын тигізгені анық.

Былтырғы жылы жоғарыда аталған ЖШС 270 млрд тенге таза пайда тауып, бюджетке 24,12 млрд тенге салық төледі.

Талап ТІЛЕГЕН

Кәсіпкерлік

Ел экономикасын көтерудің басты міндеттерінің бірі — шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Осы саланы дамыту арқылы экономикалық өсімнің белгілі бір деңгейіне қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне де ықпал етеді. Дегенмен шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау және әкімшілік реттеу жүргізіліп жатқанымен, шағын кәсіпкерліктің нәтижесі әлі де жоғары деңгейде емес.

САН ЕМЕС, САПА КЕРЕК

Мәселен, шаруашылық салаларын алатын болсақ, саудадан бөлек шағын және орта кәсіпкерліктің жетекші ықпалы байқалмайды.

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттен басқа, мемлекет, кәсіпкерлікті қаржылық, ақпараттық-сараптамалық және материалды-техникалық қолдауды қамтамасыз



ету бойынша қызметтер атқарады. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекеттік атқарушы органдары арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әртүрлі бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырады.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» Жолдауында «Отандық кәсіпкерлік жана экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс» деп атап көрсетті.

Осы орайда елімізде көптеген іс-шара жүзеге асуда. Соның бірі — «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы. Жоба жүзеге асқалы бері, елді мекен тұрғындарының табысы 6% артты. Кедейшілік деңгейі 5,9%-дан 3,8%-ға қысқарды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы



кәсіпкерліктің әртүрлі қырын кеңінен қарастыру ғана емес, инновациялық тәсілді, дәстүрлі емес және озық технологияларды қолдану, ең жана өнім мен қызметті пайдалану да табылады. Еліміздегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі — 20%. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі қомақты. Мысалы, Жапонияда — 55%, Ұлыбританияда — 52%, Германияда — 57%, Италияда 70%. Салыстырмалы сараптама бойынша біздің мемлекеттегі шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіштегі үлесі өте аз. Оны 2050 жылға дейін 50%-ға жеткізу көзделіп отыр.

Статистика көрсетіп отырғандай, Түркістан облысында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өскендігі байқалады.

Сондай-ақ еліміздің тұрақты экономикалық дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлікті сапа жағынан жетілдіру өте маңызды. Негізгі мәселелерді анықтап, оның ұтымды шешімін таба алған жағдайда ғана біз экономикалық тұрақтылыққа қол жеткіземіз.

Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, шикізатқа сенген мемлекеттер дағдарысқа ұшырауда. Сондықтан шағын және орта бизнесті дамыту қажеттігі туындап отыр.

Л.АТАБАЕВА,
Алматы қаласы әділет департаментінің «Әуезов ауданы бойынша аумақтық бөлім» филиалының басшысы, аға сот орындаушысы



отыр. Жалпы осы жобалар аясында 18 мың жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Бірлескен инвестициялық жобалар металлургия, мұнай мен газ өңдеу, химия өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, транспорт пен логистика, халық тұтынатын тауарлар өндіру саласында жүзеге асады.

Биылғы жылы құны 363 млн долларды құрайтын бірлескен алты жобаны іске қосу жоспарланды. Сондай-ақ бес жобаның құрылысы (623 млн доллар) басталды.

Инвестиция және даму министрі Жеңіс Қасымбек бір сөзінде неліктен ҚХР-мен бірлескен өндірістік жобалардың қолға алынғаны жөнінде түсінік берген болатын. «Ашығын айтсақ, бұл арада ескі нысандарды іске қосу туралы әңгіме жоқ. Бұл бағдарлама өндіріс қуатын орналастыру деп аталды. Қазақстан аумағында жана зауыт, фабрикалар салынып, экспортқа бағытталған өнімдер өндіріледі. Соның ішінде Қытайға көбірек экспорттайтын боламыз» деген еді. Министрдің айтуынша, көп жобада қытай тарапы ЕРС-контрактер есебінде, яғни қаржыландырады, құрылысты жүргізеді. Мәселен, Ақтоғай кен-байыту комбинаты қытай капиталының қатысуымен салынды. Қазір онда жергілікті азаматтар жұмыс істейді. «Бүгінде инвестиция үшін белсенді күрес жүріп жатыр. Ал қытай инвестициясы — халықаралық нарықта қолжетімді көздің бірі. Осы инвестиция үшін аймақтағы елдер бәсекеге түседі. Сондықтан бізге бұл жобаларды жүзеге асыру маңызды. Егер біз одан бас тартсақ, көршілеріміз қолға алады. Ондай жағдайда солардың тауарын сатып алуға мәжбүр боламыз», — деді Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ Қазақстан-Қытай бірлескен жобалары еліміздің шикізатқа тәуелділігінен арылуына септігін тигізеді сөзсіз. Бұған қоса, шығыс көршідегі алып нарық отандық

«Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы өзекті жобаның бірі. Сондықтан да қос мемлекеттің де басты назарында. ASPC акционерлері отандық жеке компаниялар DOSTAR Drilling және Service Pipes Holding 25 пайыздық үлеспен, CNPC-пен еншілес Central Asia Ruisi Steel Pipes (Tianjin) Corporation компаниясына 50 пайызы тиесілі. Акционерлер бұл жобаға 99,82 млн доллар инвестиция құйды.

Мұнда диаметрі 355 мм-ден 1420 мм-ге дейінгі құбыр түрлері өндіріледі. Өнім ішкі және таяу шетелдің нарығына шығарылады. Келесі жылы Өзбекстан — Тәжікстан — Қытай газ желісінің D тармағының құрылысы басталады. CNPC тапсырыс беруші болғандықтан, зауыт оны құбырмен қамтамасыз етеді. Бастапқыда жылына 100 мың тонна өндірілсе, кейін 150-200 мың тоннаға жеткізілмек. Дегенмен өнім өндіру көлемі тапсырысқа байланысты.

ӨНДІРІС ОШАҒЫ

Алматы облысындағы «Келун-Қазфарм» зауыты 2014 жылдың маусымында іске қосылды. Қытай инвесторы бұл жобаға 50 млн доллар салды. Өндірістің құрылысына 7,5 млрд тенге жұмсалды. Мұнда екі желі жұмыс істейді. Бірінде полипропилен құтысындағы



Сұхбат

Газетіміздің 29 маусым күнгі санында, яғни журналистер күніне орай шыққан нөмірде «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы Қали Сәрсенбайдан сұхбат алған едік. **Jas qazaq** бұл аптадағы санында сол сұхбатқа үн қату мақсатында белгілі журналист Дархан Әбдікті өңгімеге тарттық. Бұл жолғы өңгіме де қазақ журналистикасының бүгіні мен болашағы хақында болмақшы.

Jas qazaq: Дархан мырза, өтіп кеткен төл мерекеніз құтты болсын!
Д.Әбдік: Рахмет! Өздеріңізге де құт-береке, кәсіби жетістік тілеймін.
Jas qazaq: Сізді бұрын журналист ретінде танитын едік, соңғы жылдары саясаттанушылық, өнертанушылық қырыңыз ашылғандай. Тіпті өзіңіз жүргізетін «Парасат майданында» кейде әдебиет пен тарихқа да құлаш ұрып жатасыз... Жалпы, Сіз кімсіз, Дархан мырза?
Д.Әбдік: Мен журналистпін. Саясаттанушы да, өнертанушы да

Д.Әбдік: Құса деген сөз бұл жерде мүлдем жараспайды. Таусылып сөйлеп керегі не? Айта алмай жүрген нәрселер бар. Шықпай қалған хабарларымыз да бар. Алайда айтып жүргеніміз де жоқ емес. Мен журналистпін ғой. Ақын-жазушылар секілді мәңгілікке із қалдыратын амбициям жоқ. Күнделікті мәселемен өмір сүремін. Көрермен кейбір өзекті мәселелерді талқыласа екен деймін. Қонақтарыма пікір айтуға мүмкіндік беремін. Хабар барысында құр сөз ғана емес, нағыз эмоция болса екен деймін. Есіңізде ме, «Маугли» туралы хабарымызда аниматор Ғали Мырзашев көзіне жас алды. Эмоция деген кадрдегі ең тамаша нәрсе емес пе! Жасанды емес, шынайы эмоция. Жаксы хабар көрерменнің санасына ғана емес, жүрегіне де әсер етуі тиіс деп ойлаймын.
Jas qazaq: Тағы сол бағдарламада эфир уақытының көбін сіз алып қоясыз. Оқыған-тоқығаныңызды көп көрсетесіз. Тіпті шақырған кейіпкерлеріңіз аузын ашып, көзін жұмып, сізге қарайды да отырады. Өңгіме-сұхбат жанрындағы хабардың табиғатына қайшы емес пе мұныңыз?
Д.Әбдік: Мен елдің бәріне сөйлейтін мүмкіндік беремін. Алайда сөйлемейтін адамнан сөз суырып ала алмаймын. Жүргізуші ретінде сылбыр хабар өткізуге

— мемлекеттік қызметкерлердің парызы. АҚШ-та ағылшын тілін білмейтін сан ұлттың өкілі бар. Егер сен саудада, бейресми ортада өз орныңды тауып, тілді білмей, білмегеніне өзін қиналмай өмір сүріп жатсаң бір жөн. Жеке басынның мәселесі. Ол үшін сенің азаматтық хақын шектелмейді. Алайда мемлекеттік қызметке тұрап, мансап құрамын десен, тілді үйренесін.
Біздегі ахуалға келейік. Депутаттардың жартысы, кейбір әкімдер қазақша сөйлемейді. Осыған кім кінәлі? Орыс па, кәріс пе?
Ұлттық мемлекет дегеніміз бұл мүлдем басқа нәрсе. Мұндай мемлекетте адамның ұлты мен азаматтығы пара-пар. Нәсілін, тегін, руың, дінін қандай болсын — хақын тең. Егер қазақ тілін үйренерге мұқтаждық болса, өзге ұлт өкілдері де қазақ тілін үйренер еді. Демек «қазақ» боларға аяқ басар еді.
Jas qazaq: Журналистикадағы жүріп өткен жолыңызға қарасам, нән-нән емен есіктерді ашыпсыз. Президент әкімшілігінен бастап, Премьер-Министрдің, Мәжілістің баспасөз

ULT



5

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Ұрпақ

(Басы 1-бетте)

ТОПЫРАҚ ИІСІ немесе ҚАРАШЫҒЫНДА ҚАРАҒАНДЫСЫ ҚАЛҒАН ҰЛ

Дәуренді бауырына басқан ерлі-зайыпты Стейвен мен Холли алғашқы күннен бастап баладан ештеңені жасырмаған. Асырап алғандарын, ұлты қазақ, туған жері Қазақстан екенін, қысқасы, барлығын ашық айтып, кез келген мәселені баламен бірге талқылайды екен. Тіпті Дәуреннің шыққан тегін білу үшін генетикалық зерттеу жасатып, туған анасы туралы деректері іздеуіне көмектескен.
Дәурен Паркер бізбен әңгімелескенде, өзінің шыққан тегін қалай іздеп, қалай тапқанына тоқталды.
— Мен өзіме ДНК жасаттым. Қанымда қазақтың, түріктің де қаны бар екен. Туған анамның фамилиясын анықтадым. Бірақ ол кісіні танымаймын, — деді.
Анасына деген бір жұмбақ сағыныш болу керек, жанары жасқа толып, бір сәт үнсіз қалды. Содан кейін «Қазіргі отбасым маған өте қымбат. Мен шынымен бақытты жанмын. Медицина мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Білікті дәрігер болсам деймін» деп ойын түйді.
Паркерлер отбасы бауырына басқан баланың барлық құжаттарын өздерінің атына рәсімдегенімен, есі кіріп қалған Дәуреннің атын ауыстырмапты. Тіпті қазір жарамсыз болса да, Дәуреннің 5 жастағы төлқұжатына дейін сақтап қойған.
Ақ жүректі ана Холли Паркер «Дәуренді алғаш рет алып келгенде көп үндемейтін еді, — деп өткен шақты есіне алды. — Әрине, ол жағдай түсінікті. Алыс жолдан келген, жана



ортаға түскен бүлдіршінге бірден ашылып кету қиын болды. Дәуреннен үш ай үлкен Элли есімді қызымыз бар. Екеуіне бір бөлме бердік. Дәурен тіл білмесе де, соның істегенін істеп, айтқанын қайталап жүретін. Біз оның ағылшын тілін үйренуіне бар күшімізді жұмсадық. Оның да тілге деген бейімділігі күшті болды. «Уақыт — емші» деген рас екен, Дәурен жылдар өте келе бәріне үйренді. Біздің үйдің бір мүшесіне айналып шыға келді, — деп күлімсіреді.
Дәурен 18 жастан асқанша Паркерлер отбасы жылына екі рет асырап алған баланың жағдайы туралы құзырлы органға есеп беріп келген. Кәметет жасқа толған соң, бұл талаптың күші жойылады. Дәуренге туған елін көрсетуді бірнеше жылдан бері жоспарлаған. «Оның жар тандауына да араласпаймыз, өзі шешеді», — деп қазақ баласын асырап алған ана ұлының басынан сипады. Ана мен баланың әдемі жарасымына қарап, біз де сүйсіндік...
Сұңғақ бойлы, көркем жігіт бізбен ағылшын тілінде сөйлесті. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған камкор қазақтың бір баласы осылайша басқаның бауырынан мейірім тауып, жатжұрттық болып өсіп жатыр. Қараторы америкалық жігіттің танауында туған топырақ пен өзі өскен балалар үйінің иісі ғана қалған. Өзгесі елесс...
Дәурен мұхит асқан жүздеген, мыңдаған қаракөз бүлдіршіндердің біреуі ғана. Ал қалған қара домалақтардың жұдырықтай жүректерінде не сақталды екен?..

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Дархан ӘБДІК:

ЖУРНАЛИСТИКАҒА ОРАЛУДЫ АРМАНДАДЫМ

емеспін. Алайда өмірдің кез келген саласына бойлап, пікірімді айтуға хақым бар деп ойлаймын. Оны қаншалықты сапалы, әрі білікті айта алам — ол басқа мәселе. Адамның өз пікірін ашық, әрі еркін айтуы өркениетті, азаматтық қоғамның алдыңғы шарттарының бірі емес пе?
Әлбетте, мен өзін түк білмейтін саланың кәсіби мамандарына ақыл айту үрдісін айтып отырған жоқпын. Менің айтып отырғаным, біріншіден, өнер мен әдебиет. Бұл салалар әу бастан қоғамдық талқыға түсу үшін жаралған. Талқылануы керек. Екіншіден, саясат. Азаматтық қоғамда саясатты билік басындағылар ғана емес, барша қоғам жасайды. Саясат дегеніміз — қоғамдағы әр азаматтың, оның отбасының, бала-шағасының тағдыры. Қоғам бақуатты ғана емес, бақытты да болуы керек. Ал қоғамдық бақыт — бұл рухани құндылық. Жақсы, зиялы, кәсіби білікті адамдардың бақыты. Өмірде игілікті іс атқарып, адал жолмен абыройлы өмір сүру бақыты. Алаяқтар ештеңеден қорланбайды. Үндемей өз есебімен күнелтуден де, өтірік мақтау-мадақтаудан да, жалған есеп беруден де арланбайды. Керісінше, олар сол бір айлакерлігін асқан ақылдың, даналықтың белгісі деп санауы мүмкін.
Jas qazaq: Әкеніздің «Парасат майданы» болмаса, журналистикада рухани тереңдікке бойлап, ойлы, ашық хабар жасай алар ма едіңіз? «Астана» арнасындағы «Бас тақырыбыңыз» дәл

қақым жоқ. Эфирдегі динамика мен ритмді сақтауым керек.
Бұл — біріншіден. Екіншіден, менің хабарым сұхбат емес, пікір алмасу. Нақты мәселе бойынша пікір алмасу. Қонақ тақырыптан ауытқып бара жатса, оны өңгіменің аясына қайыру. Ол да менің міндетім.
Jas qazaq: Сіз өзіңізді тәуелсіз журналистпін деп таныстырасыз. Мемлекеттік арнада тәуелсіз журналистін міндетін атқара алып жатырсыз ба? Әлде белгілеп берген «сызықтан» аса алмай жүрген жоксыз ба?
Д.Әбдік: «Сызық» бар, оны жокқа шығармаймын. Дегенмен өз ойымды да өткізіп тұруға тырысамын. Менің «Хабар» арнасында бірге істеген әріптес досым, тамаша журналист, марқұм Талғат Ілімжан «Өмір тек қана күрес емес, өмір спорттың басқа да түрлері» деп әзілдейтін. Сол секілді ұдайы күресіп қажеті жоқ. Кейде жүгіру де, кейде шахмат ойнау да қажет.
Jas qazaq: Елімізде журналистика қазақ және орыс деп екіге бөлінеді. Екеуінің қаны да, жаны да, мүддесі де кейбір мәселеге келгенде бір арнаға тоғыспайтындай көрінеді. Неге?
Д.Әбдік: Екеуінің мүддесі бөлек дегенге келіспеймін. Мүдде ортақ. Азаматтық қоғам. Азаматтардың хақысы, құқығы. Әділ сайлау, әділ сот. Мен этникалық ұлтшылдықты жек көремін. Бұл — фашизмнің алдыңғы сатысы. Ұлт дегеніміз — этнос емес, бұл қандай да бір тілдің, мәдениеттің, қоғамдық

қызметінде болыпсыз... Сондай үлкен қызметтерде болып, жұрттың балалары сияқты неге «өсіп» кетпедіңіз? Әлде өсіп кететін мінез жоқ па сізде?
Д.Әбдік: Мен баспасөз қызметінде ғана жұмыс істедім. Ол үлкен лауазым емес. Үлкен лауазымды ешқашан ансаған да емеспін. Керісінше, амалсыздан мемлекеттік қызметте жүрген кезде көдүілгі журналистикаға қайтып оралуды армандайтынмын.
Jas qazaq: Әкеніздің атын қаншалықты пайдаланасыз?
Д.Әбдік: Менің әкемнің аты — Халық. Ауылда сиыршы болған. Атын малданатындай атағы жоқ. Папамды (*Төлен Әбдік — ред.*) айтар болсаңыз, әдейі малданған емеспін, бірақ шарапатын көп көрдім.
Jas qazaq: Әкелері ауқатты болған, әкім-шенеунік болған асфальттің балаларының көбі өз-өзін жоғалтып жатады. Ал сіздің буын, яғни Төлен ағамен құралпы қаламгерлердің бәрінің ұрпағының жақсы атын ғана естиміз. Бұл неден: тәрбиеден бе, әлде басқа себеп бар ма?
Д.Әбдік: Білмедім. Папамның қатарындағы адамдардың балаларымен жақын араласамын деп айта алмаймын. Өзге отбасыларындағы ахуалдан хабарым жоқ. Әр жағдайды жеке қарастырған дұрыс шығар. Лев Толстой айтпақшы, «Бақытты отбасылардың бәрі ұқсас, бақытсыз отбасылардың әр қайсысының өз хикаяты бар».

Jas qazaq: Ұлттық мүдде, қазақ мүддесі туралы ұғым өзгерген сияқты қазір. Бүгінгі қазақтың мүддесі қандай болуы тиіс?
Д.Әбдік: Бүгінгі таңда ұлттың мүддесі, сол ұлттың, тағы да қайталаймын, этникалық ұлттың емес, саяси ұлттың, әрбір өкілінің, демек азаматының қакысы мен құқығы. Адал жолмен мансап құру, адал кәсіппен бақуатты өмір сүру, ойын еркін айтып, әділ сотқа жүгіну мүмкіндігі. Қазақ ұлтына нақты тоқталар болсақ, мен ұлтымыздың өз елінде, өз тілінде сөйлеп, толыққанды өнермен, ғылыммен, саясатпен, әрі журналистикамен айналысу хақысын айтар едім.
Jas qazaq: 20 жылдан кейінгі қазақты қалай елестетесіз?
Д.Әбдік: Қандай боларын қалар едіңіз деп сұрасаңыз, айтарым: діндар емес — зайырлы, ұлтшыл емес — толерантты, патриоттарынан либералдары басым, сол дәуірдің озық технологияларына қол жеткізген, ғылымы мен өнері жетілген қазақ тілді қоғам көргім келеді. Себебі тіл жоқ жерде ұлт жоқ. Жиырма жылда тірі болармын, осындай қоғамды көзіммен көрермін деген үмітім бар.
Jas qazaq: Дархан, мырза, уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН



мұндай емес, ұзын арқан, кең тұсаудай көрінетін.
Д.Әбдік: Папамның «Парасат майданынан» мен атын ғана «ұрлап» алдым. Қалғанын мүлдем басқа адамдардан алдым. Папама еш қатысы жоқ.
Jas qazaq: Сіздің қазіргі жүргізіп жүрген осы «Парасат майданыңыздан» тақырыпқа қатысты әңгімеден тыс, ширегу, ішкі қыжыл байқалады. Айта алмай жүрген, ішқұса болып жүрген тақырыбыңыз бар ма сонда?

құндылықтардың негізінде қалыптасқан орта. Ал өзін ұлтшыл-патриотпыз деп жүргендердің ішінде әр кезде де, әр елде де алаяқтар басым болады. Сэмюэл Жонсон айтқандай, «патриотизм — алаяқтардың жамылғысы». Владимир Жириновскийге қараңызшы. Орыстың ұлтшыл патриоты. Ұнай ма? Жоқ. Ұлтшылдық риторикасын пайдаланатын кез келген адамның шынайы келбеті дәл сондай.
Енді ұлтымызды бөліп тұрған тіл мәселесіне келейік. Тілді білу



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

TIRSHILIK

Көкейкесті

Жадыраған жаз айларында балалардың жазғы демалысын ұтымды ұйымдастырып, тамаша табиғат аясында тынықтырып, денсаулығын нығайтудың маңызы өте зор. Үстіміздегі жылғы жаз маусымында осы бір жауапты іске айрықша көңіл бөлініп отыр. Алдын ала жасалған жоспарға көңіл аударсаңыз, қыруар қаражат бөлініп, мемлекет тарапынан айтарлықтай қамқорлық жасалып отырғанын аңғаруға болады. Мектеп оқушыларының демалысын ұйымдастырып, денсаулығын нығайтуға 104 миллион теңге қаржы бөлінбекші. Оның 75 миллион теңгесі жергілікті бюджеттің есебінен болса, демешілердің жанашыр көмегі 29 миллион теңгені құрайды.

Осы орайда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынан айырылған және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының жеткіншектерінің өз қатарларынан кем қалмай демалуларына мейлінше жігі назар аударылып отырғандығын айта кетуге тиістіміз. Бұл орайда 53 миллион теңге қарастырылған. Қалалар мен аудандардағы білім беру бөлімдерінің мәліметтеріне қарағанда, 2018 жылы 1-10-сынып аралығындағы мектеп оқушыларының жалпы саны 111 700 оқушыны құрайды. Жазғы маусым ішінде осы оқушылардың 110583-ін немесе 99 пайызын демалыспен қамту межеленген. Егер өткен жылы осы көрсеткіш 97 пайызды құрағанын ескерсек, биыл біршама өсім бар. Биыл тағы да бір қала сыртындағы сауықтыру орталығы іске қосылмақ. Сөйтіп орталықтың жалпы саны 18-ге жетеді. Сәл таратып айтатын болсақ, лагерьерлдің төртеуі жыл бойы, ал 14-і жазғы маусым кезінде жұмыс істейді. Жыл бойы жұмыс істейтін лагерьер 1180 оқушыға қызмет көрсете алады. Оның ішінде «Звездный» балалар сауықтыру орталығы әр жыл сайын сапалы қызметімен ата-аналардың және балалардың көңілінен шығып жүргендігін айта кетуіміз керек. Орталық Бурабайдың баурайындағы Қатаркөл селосына жақын жерде орналасқан. Мәңгі жасыл қарағайлар көмкерген тау етегіндегі осы орталық екі мың балаға дейін қабылдайды. Осы жердегі «Дискавери» орталығы одан үлкендеу, 2260 орындық. Жайлы да жақсы демалыс орталығының бірі осы Қатаркөлдегі «Лесная сказка» лагері. Бұл орталықта 1200 балаға дейін демалуға мүмкіндік бар. Ал, Зерендідегі жекеменшік «Сұңқар» кешені 1800 балаға қызмет көрсетеді.



Ал қалған 14 маусымдық лагерьер облыстың тамаша табиғи мүйістерінен орын тепкен. Жақсы ауданы Қима ауылының іргесіндегі лагерьде 300 бала дем алса, Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау елді мекенінің іргесіндегі «Сокол» орталығы 1800 баланы орналастырады. Жалғыз Бурабай мен Зерендіде ғана емес, балалардың жазғы демалысын қамтитын әдемі де жайлы орындар Ерейментау ауданындағы Сілеті өзенінің жағасында, Сандықтау ауданының Балкашино селосының жанында да бар. Сондай-ақ мұндай орталықтар

Ақкөл, Жарқайын, Есіл және өзге өңірлерде де жұмыс істейді. Бір сөзбен айтқанда, лагерьерлдің қоныс тепкен жерлері көк майсалы, таза ауалы тамылжыған табиғаттын аясы.

Әр жыл сайын орталықтарды жөндеуден өткізіп, жанартып, жасандыру жұмыстары да ұмыт қалған жоқ. Мәселен, Атбасар ауданындағы «Ишим» балалар лагеріне 95 миллион теңге қаржыға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл қаржы Үкіметтің қорынан бөлініп отыр. Сондай-ақ Ақкөл ауданындағы «Юность» лагеріне де жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал Сандықтау ауданындағы «Достық» балаларды сауықтыру орталығы «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде сенімді басқаруға берілмек.

Ендігі бір мәселе — жолдама құны. Әр жыл сайын ата-аналарды алаңдататын да осы жай. Сондықтан сөз арасында жолдама құнын да айта кетсек, артық болмас. Облыстағы мемлекеттік балаларды сауықтыру орталықтарына берілетін жолдама құны 7000 теңге мен 45000 теңге аралығында. Ал жекеменшік лагерьерлердегі демалыс маусымының

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мектеп оқушыларымен ауқымды жұмыс жүргізіледі. Бұл орайда, «Звездный» балаларды сауықтыру орталығында жыл бойы 200 оқушыны қамтитын әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын тыңғылықты жүргізу жоспарлануда. Үстіміздегі жылдың маусым айында туған өлкенің тынысын тану, тарихын білу, өткеніне көз жүгірту мақсатында өлкетану туристік жұмыстары қолға алынбақшы. «Ұлы дала елі» деп аталатын тәрбиелік маңызы зор бағдарлама 5000 оқушыны қамтымақ. Олар туған жердің тарихи мұраларына денлеп көңіл аударып, өлкенің өрісін жадыларына тоқиды. Жазда Бурабай ауданында республикалық туристік отрядтардың слеті өткізілмек. Бұл слетке 500 оқушы қатысады деп күтілуде. Ал он мыңға жуық мектеп оқушылары облыстағы киелі жерлерді аралап, еліміздің өзге өңірлеріндегі де қасиетті топырақтағы көне мұраның



ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

- Үстіміздегі жылы жазғы демалыс маусымында 1-10-сынып аралығындағы мектеп оқушыларының 99 пайызы лагерь мен демалыс орталықтарында тынығады.**
- Мемлекеттік балаларды сауықтыру орталықтарындағы жолдама құны – 7 мың теңгеден 45 мың теңгеге дейін. Ал жекеменшік лагерьдегі жолдама құны – демалыс маусымының ұзақтығына байланысты 55 мың теңге мен 80 мың теңге аралығында.**
- Жетім, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың жеткіншектері түгел демалды.**

көмескі соқпағын ой көзімен көріп, көңілдеріне тоқитын болады. Тағы бір көңіл аударатын дүние «Бір апта — ауылда» әлеуметтік жобасы. Бұл жоба аясында оқушылар ұлттық салт-дәстүр тұнып тұрған ауылдарда болып, ел ішінің тыныс-тіршілігімен танысады.

Жаз маусымында жеткіншектерді еңбекке баулу мәселесі де назардан тыс қалып отырған жоқ. Үстіміздегі жылы мыңға жуық мектеп оқушыларын қамтитын агротуристік бағыт бойынша жұмыс істеледі. Жазғы маусымның мұндай формасы Краснояр селосындағы №3 колледждің базасында, сондай-ақ Сандықтау, Атбасар ауданындағы мектептерде және Степногорск қаласында ұйымдастырылмақ. Мектеп оқушыларының пайдалы жұмысын ұйымдастыру кезінде олар жылыжайларда жұмыс істейтін болады. Жалғыз жұмыс қана емес, ең бастысы, демалыс сәттері басты назарда. Жас буынның экологиялық таным-түйсігін дамыту үшін Бурабай, Сандықтау, Шортанды, Бұланды аудандарында тоқсаннан астам экологиялық отрядтар жұмыс істемек. Осы орайда, аудандық білім бөлімдері орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерімен нақты жұмыс ауқымын межелейтін жоспарлар түзуде. Жалпы облыс бойынша жазғы маусымда бір мыннан астам мектеп бригадалары аббаттандыру жұмыстарымен айналыспақ. Сондай-ақ мектеп жанындағы бақшаларда түрлі дақылдарға күтім жасайды.

Осылайша, балалардың жазғы маусымын жақсы ұйымдастыру үшін кең көлемді қамтитын қадау-қадау мәселелер жан-жақты ескеріліп отыр. Еліміздің ертені саналатын жас толқынның денінің сау, көкірегінің ояу болуы үшін соған септігі тиетін мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Әрине, тамылжыған табиғат аясында тынығудың, айдын шалқар көлдерге шомылудың жөні бір бөлек. Әлдебір себептермен табиғат аясындағы балалар лагеріне жолы түспеген мектеп оқушылары білім ошақтарының жанындағы жазғы лагерьерде демалуда. Осындай мектеп жанындағы демалыс лагерьерлерінің ахуалын андамақ болып, Көкшетау қаласындағы №1 орта мектепке бардық. Сәтімен соққан екенбіз. Жасыл желекке

малынған мектеп жанындағы алаңда балалардың көңілді күлкісі мұндағы жайдың тақа жаман еместігін аңғартып тұрғандай. Отыздан астам балалар «Көмүлі қазына» ойынын өткізіп жатыр екен. Мектеп жанында әлдебір жерге ғажайып қазына жасырылған. Сол қазынаны жаза баспай тауып алулары керек.

Сикырлы әлемнің сананы билейтіні соншалықты, көңілдері алабұртып, шынымен әлдебір ғажайып әлемнің қойнауына күмп ете түсіп, керемет қазынаға жолыққысы келген, алып ұшқан балаларға қосылып, өзін де соған сенгін, әлгі жан-жағын абайлап басып, гүлдер мен шөптердің арасын мұқият қарап жүрген балалармен бірге іздеп кеткін келеді. Ойын өрнегі бала көңілін бір сәт қиял-ғажайып дүниеге сендіргісі келетіндей. Олар да мынау жарық дүниедегі әдемі әлемді аңсап, қымбат қазынаға жолықпақ. Шамасы ол қазына мектептің ішінде шығар. Оның аты — білім. Таусылмайтын

баласы ата-бабамыздың қонысына барып, жалаңаяқ жар кешіп, туған топыраққа аунап-қунап қайтса, ауылдың бұйырған дөмінен татса, демалыстың көкесі сол шығар. Оның үстіне қаймағы бұзылмаған қазақ ауылындағы ата-баба дәстүрін бойына сіңіре береді. Атаның да, әженің де тіні үзілмеген тәрбиесі сол жерде емес пе?..

Біз «Звездный» балалардың жазғы демалыс лагерінде болғанымызда алғашқы маусым аяқталып, екінші толқын келіп жатыр екен. Мұнда балалардың он екі күндік демалыс маусымында алаңсыз демалуларына барлық қолайлы жағдай туғызылған. Жатын орындары бүгінгі күн талабына сай қыздың жиған жүгіндей бір тал қылаусыз мұнтаздай тап-таза болып тұр. Жуынатын бөлмелер, демалыс орындары сақалай сай. Мәңгі-бақи өнін өзгертпейтін, жап-жасыл сүмбілей түзу қалың

қарағайлар қаулап өскен Бурабайдың шипалы ауасын бір жұтқанның өзі неге тұрады. Кәдімгі Алаштың ақ иық ақыны Сәкен атамыз жырлағандай, ауасы дертке дауа, жұпар ісі бұрқырап есінді алып тұрады емес пе. Әне, анау спорт аландары, түрлі тренажерлер, үлкенді-кішілі әткеншектер төңірегін бүлдіршіндердің бейкүнә күлкісі көміп жатыр.

Төлемәкысы он екі күнге — 36 мың теңге. Түгелдей біздің облыс балаларына қызмет ететін бұл лагерде жоғарыда айтқанымыздай, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасыларымен бірге жетім балалардың демалуына барлық қолайлы жағдай туғызылған. Осы уақытқа дейін Зеренді ауданының 200, Еңбекшілдер ауданының 208, Степногорск қаласының 60 баласы демалып кеткен. Олардың демалғандары үшін жатынғы, басқа да қызмет түрлері тегін. Тек тәуліктік тамақтануына ғана бір мың теңге көлемінде төлемәкі төлейді.

Балалардың жазғы демалысын аралап, көріп, тыныс-тіршілігімен танысып жүргенде осындағы медицина бөлмесіне де соқтық. Мұнда медицина қызметкері Светлана Трихманенко кезекті бақылауын өткізіп жатыр екен.

— Жауапкершілік өте жоғары, — дейді Светлана Павловна. — Өйткені, балалар күн ұзақ табиғат аясында жүреді, суға түседі. Сондықтан күн сайын қадағалап отырмаса болмайды ғой.

Жерұйығы Бурабайдың баурайында балалардың жазғы демалысын шала-шарқы келгенше мінсіз өткізіп жатқан жазғы демалыс лагерінің бірі — Diskoveri. Жазғы лагерлергі білім беру бағдарламасының басшысы Бақыт Оразалинаның айтуына қарағанда, мұнда да барлық



ән кештеріне барады. Сондай-ақ облыс орталығындағы музейлерде де болыпты. Рухани жаңғыру аясында өтетін тағылымды шараларға қатысып тұру оқушылар үшін өте тиімді. Таяуда Мәлік Ғабдуллин атындағы мұражайдың ұйымдастыруымен өткен «Батыр бабалар ізімен» деп аталатын кештен алған әдемі әсерлерін айтып тауыса алмай отыр. «Қазына аралы», «Ғарыш күні», «Көңілділер мен тапқырлар сайысы», «Біз таланттарды іздейміз» шаралары оқушылардың да, олардың ата-аналарының да көңілдерін тоғайтатын мазмұнды шаралар легінде.

— Негізгі барлық шаралар қол жетімді, — дейді мектеп оқушысы Әлібектің әкесі Мұрат Әжібаев, — концерттерге ғана 200-300 теңгенің көлемінде билет алдық. Ал мектептеп жанындағы барлық қызғылықты шаралар тегін. Әрине, табиғат аясының жөні басқа ғой. Дегенмен, осы да жарап жатыр. Мұның барлығын тиісті орындардың қамқорлығы деп ұғып отырмыз. Осыдан кейін баламды ауылға жібермекшімін. Сондай да бір бағдарлама бар деп естідім. Бірақ, менің ойымша, бұл арада ешбір нұсқаудың қажеті жоқ. Қала

қолайлы жағдай тудырылып отыр. Аталмыш лагерде алты спорт секциясы, бес үйірме жұмыс істейді. Балалардың денсаулығын 3 медицина қызметкері ұдайы қадағалайды. Мұндағы демалыс мерзімі — 10 және 14 күн. Айырмашылық алыстан келетін балалар үшін қатылып отыр. Жазғы лагерде республиканың барлық өңірлерінен келген балаларды қабылдайды. Таяуда ғана алғашқы маусымда Қарағанды, Атырау, Астана, Жанаөзен, Қостанай, Балқаш балалары демалып кетсе керек. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының арнайы жолдамасымен жетім және әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасылардың 150 жеткіншегі бірінші маусымда демалып, денсаулықтарын түзетіпті.

Асхана, төрт жатын корпусы мұнтаздай таза. Спорт, ойын аландары заман талабына сай жабдықталған. Сәл келте қайырып айтқанда, ең кінемшіл, кірпияз ата-ананың баласын ұялмай қабылдауға, қысылмай көрсетуге болатын лагерь.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Зерттеу

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ
ТОҚЫРАУЫН ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫНДА,
ТОҚЫРАУЫН БОЛЫСЫ, ҚАРҚАРАЛЫ
ҮЕЗІ, СЕМЕЙ ОБЛАСЫНЫҢ ЖЕТІНШІ
СТАРШЫНДЫҒЫ АУЫЛЫНЫҢ
БІРІНДЕ ТУҒАН. ӘЛИХАННЫҢ ӘКЕСІ
НҰРМҰХАМЕД МЫРЗАТАЕВ АУЫЛДЫҢ
СҢЙЛЫ АҚСАҚАЛЫ САНАЛДЫ.
НҰРМҰХАМЕД МЫРЗАТАЕВ ПЕН ОНЫҢ
ТУЫС СҰЛТАНДАРЫ ҚАРҚАРАЛЫ
ҮЕЗІНІҢ ОҢТҮСТІК-БАТЫСЫН ҚЫСТАДЫ.
ОЛАР ҚАУЫМДЫҚ-АУЫЛДЫҚ ТОПҚА
ЖАТАТЫН ЕКІ РУДАН ТҰРАТЫН: БӨКЕЙ
ХАННЫҢ (4 АУЫЛ: №36-37, 41-42 –
НӘМІРЛЕР ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ
ҚАТЫСҚАН ДАЛА ЭКСПЕДИЦИЯСЫ
ЖАСАҒАН 1898 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ
САНАҒЫНА СӨЙКЕС АЛЫНДЫ-
МҰРАҒАТ) ҮШІНШІ ҰЛЫ – БАТЫР
СҰЛТАННАН ТАРАҒАН ЖӘНЕ ҚЫСҚЫ
ЖАЙЫЛЫМДЫҚТЫ СҰЛТАН БАТЫР
РУЫНАН ЕРТЕРЕК ЖАЙЛАҒАН ТАҢҒАТ
РУЫ (25 АУЫЛ: №34-35, 38-40, 43-62).

Сұлтандар басқа жаққа көшіп кетіп, ол жақта жағдайы болмағасын, кері оралды. XIX ғасырдың 40-шы жылдары қырда «казактарды әскерлік қызметке алады екен, Қарқаралы округтік приказдың аға сұлтаны (1824–1843), подполковник (1827), аксүйек тұқымы Тұрсын Шынғысов (1844) орыс патшасына казак балаларын орыс мектебіне оқуға беруге уәде беріпті» деген өсек қаулады. Бұл әңгіме көшпенділерді кобалжытып тастады. Батырдың екінші ұлы Рүстем сұлтан (өз әкесіне қарағанда аса бай болмаған — автор) және оның туған бауыры, өзінің немере ағасы Тұрсын Шынғысовпен Қарқаралы округінде билік үшін бак таластырған Мырзатай бірнеше ру-

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ АУЫЛЫ


тайпамен бірге Сырдария облысына қарасты Қаратау тауларына көшіп кетті. Олар мұнда жергілікті сұлтандардың тонауы мен талауына түсті. Қаратауда екі жыл тұрып, Рүстем мен Мырзатай Қарқаралы уезіне кері қайтты. Бокты тауындағы бұрынғы мекеніне оралғанда, онда басқа қауымдық топ өмір сүріп жатыр еді. Сондықтан олар Қу тауындағы Қызылшілік бастауына (№18 ауылдың қауымдастығы — автор) орналасты. Алайда ол жердегі басқа қауымның тобы Қу тауында ұзақ тұрақтай алмады. Оларды жарылғап руы бір жылдан кейін шетке ығыстырды. Осы сәтсіздіктерден кейін сұлтандар Тоқырауын өзені аңғарындағы Желтау мен Аяқ-Сарытерек маңына орналасты. Сұлтандар келгенге дейін осы манайдағы арғындар оңтүстікке қарай қоныс аударған. Рүстем мен Мырзатайдың туған ағалары тартысқа қатыспаған сұлтандар — Әшімтай мен Бексұлтан, өз мал-мүлкі мен бүкіл рудын отарын сақтап, Бөкей ханның негізгі ұрпақтары мекендеген Кент тауына жайғасты. Қысқы қоныс түрлі рулық топқа, шаруашылыққа қарай бөлінді. Әкесі балаларына енші бөлген кезде әрқайсысына шабындық, мал өсіруге қолайлы жерді белгілеп берді. Бөліп берген жерлерді әрбір мұрагер өз еркімен пайдаланды. Қыстаудың шекарасы арнайы белгілермен, тас қамалдармен, қазылған орлармен бөлінді. Әр ауылда 2-3 немесе 4 қорадан болды. Қыс кезінде ауыл бір қорадан екінші қораға қарай жылжып отырады. Көшпенділер қазан айынан бастап кірпіштен, тастан салынған үйлерге көшкен. Ал бұл үйлерді олар 1880 жылдан бастап бірігіп сала бастады. Иеліктегі шабындықтар үнемі алдағы күнге қалдырылатын. Ірі кара мал барлық шабындықтағы шөпті тауысып, қыс аяқталуға жақындағанда ғана жанасына ауыстырылады.

Әкесі балаларына енші бөлген кезде әрқайсысына шабындық, мал өсіруге қолайлы жерді белгілеп берді. Бөліп берген жерлерді әрбір мұрагер өз еркімен пайдаланды. Қыстаудың шекарасы арнайы белгілермен, тас қамалдармен, қазылған орлармен бөлінді. Әр ауылда 2-3 немесе 4 қорадан болды. Қыс кезінде ауыл бір қорадан екінші қораға қарай жылжып отырады. Көшпенділер қазан айынан бастап кірпіштен, тастан салынған үйлерге көшкен. Ал бұл үйлерді олар 1880 жылдан бастап бірігіп сала бастады.

Нұрмұхамед Мырзатаевтың қыстауы Қарқаралыдан оңтүстікке қарай 135 шақырым қашықтықта, Қаражал маңында орналасты. Ауыз суды қолдан қазған құдықтан ішті. Ауылдағы тұрғындардың жалпы саны 24 қана. 17 ер адамның жұмысқа жарамдысы — 12. Жеті әйелдің төртеуі жұмысқа қабілетті. 5 шаруашылықта 5 киіз үйден, 4 жер үй, 2 ағаш үй, 6 қойма болды. 3 шаруашылықтың

қосымша қыстауы, яғни келте-қыстауы бар еді. Екі ер адам жалдамалы батырақ тізімінде. Бір шаруашылықта 10 сауын қой бар.

Тағы бір отбасы, бұл Әлихан Бөкейхановтың әкесінің шаруашылығы екі адам жалдап, шаруаға пайдаланған. Барлық шаруашылық 1868-1898 жылдары нан пісірумен айналысты. Ауылдың ең шеткі бөлігі қыстаудан 11 шақырым жерде, жайлау мен күзеуде орналасқан. Тұрғындар екі алқапқа 22 пұт бидай егіп, астықпен толық қамтамасыз етіліп отырған. Орақ науқанна барлық қауымдастық ұйымшылдықпен қатысқан. 3 шаруашылық 25 жыл бойы бидай өсірумен айналысты. Ауылдың барлық мал саны — 42 жылқы, 6 құлын, 7 сиыр, 3 бұзау, 12 түйе, 162 қой,



еді. Сұлтан батыр руының иелігіндегі Тоқырауын өзенінің бойында олардың тағы екі тоғаны болды. Бұл тоғанның суы үлкен арықпен екіге жырылып, әрқайсысын екі ру өкілдері пайдаланып отырды. Тоған мен бөгет салып, арық қазған, жер өндеген әр адам өзінің жұмысын өмір бойы

меншіктеп өтті.

Тоқырауын мен Жінішке өзендерінің қатты ағысы жыл сайын бөгеттерді бұзып кетеді. Тұрғындар оны қайтадан салып шығады. Жыл сайын бөгетті қайта қалыпқа келтіріп, арықты тазалаған үй шаруашылықтары ғана жыл бойы суды пайдалану құқығына ие еді. Жінішке өзенінің ағысы жазда үзіліп қалатын. Су арнаның терең құмына сінеді. Егінші-жатақтар құм астындағы суды шығару үшін бөгеттен бірнеше шақырым жоғарыдағы өзеннің арнасын терендетіп қазып, тазалап, егістікке шығарады. Мұндай суды Құм ескен шатқалындағы осы егіншілер ғана пайдаланды.

Шөпті 61-қауымның үй шаруашылығы ораттын. Барлық қауым бір қысқа 3015 мая шөп жинайды, яғни адам басына 7,65 мая шөптен келеді. Салыстырмалы түрде алсақ, Нұрмұхамед Мырзатаевтың ауылында барлығы 49 мая үйме шөп жинайды. Оны адам басына шаққанда 2,04 маядан ғана келеді. Кәдімгідей үлкен көрсеткіш. Бұл мәселе келте қыстаулардың неліктен дәл осы ауылда көп орналасқанына жауап болса керек.

Әлиханның туған ауылы дәулетті еді. Қауымның отарында 522 жылқы, 97 құлын, 199 сиыр, 97 бұзау, 135 түйе, бір бота, 2080 қой, 640 ешкі бар еді. Ұсақ малға шаққанда кісі басына 21,73 қой-ешкіден келді.

1897-1898 жылы жұт болып, 140 жылқы, 58 сиыр, 15 түйе, 485 қой-ешкі қырылды. Осыны есепке алсақ, 1898 жылы жазда қауымның



отарында 759 жылқы, 354 сиыр, 151 түйе, 3205 қой-ешкі қалған. Ал мұны ұсақ малға шағып, адамдарға бөлгенде 28,34 қой-ешкіден тиеді. Осы аумақта өмір сүретін адамдар үшін әр кісіге 30 малдан тисе, дәулетті деп есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысында таңғат пен сұлтан батыр руы әрдайым бірге көшіп, көшпенді бір топты құрады. Қыстаудан көтеріле көшу мамыр айының басында немесе ортасында басталатын. Олар алдымен Ақжайлаудағы көктем мен күзгі жайылымға бір тоқтайды. Мұндайда қауым мүшелері бұлақ көздерін

пайдаланды. Жайлауға жеті күн жүріп жететін. Жолда Күйгенбет шатқалына малды жайып алуға тоқтайды. Бүкіл ауылдар осы жолмен жайлауды бетке алады. Сондай-ақ бұл шатқалдарда 20 күннен ары бөгелуге болмайды.

Маусымның басында көш өзен бойындағы Тұяқбейіті шатқалына құддилайды.

Қауымның жайлауы қыстауларынан әлдеқайда алыста. Беріккара болыстығындағы казактардың қыстауына іргелес орналасқан. Ақтас шатқалындағы жайылымдықта ауылдар 15 күнге тұрақтаған. Сөйтіп, ол жерден 4 шілдеде ары қарай қозғалған. Қауымның жазда жайлайтын басты жайлауы — Қақпанқалған шатқалы. Мұнда олар бұлақ суын пайдаланған. 40 күн шілдеде осы жерде тұрақтайды. Одан соң ауылдар біртіндеп, кері бағытқа қозғалады. Алдымен, қысқа уақытқа Ақтасқа келеді. Одан әрі Күйгенбетті бетке алады. Жайлаудан шыққан ең соңғы ауыл бұл жерде 7 тамыздан кешікпей кетуі керек. Шатқалда 20 күннен артық отыруға болмайды.

Қауымның жаздық жайылымдық жеріне Жартас (Байбек) шатқалын жатқызуға болады. Мұнда олар тек кері қайтқанда ғана аялдаған. Сөйтіп тамыздың 7-10-на дейін мал баққан. Бұл жерде қауым өзен суын пайдаланған. Одан кейін жайлауға шығып келе жатқанда тоқтаған шатқалдарға қайтадан біртіндеп аялдап, кері қайтады. Ақжайлау шатқалына жеткен ауылдар 21 тамыздан 8 қазанға дейін отырған. Көктемгі Тұяқбейіті шатқалына да соғып, 19 тамыздан 1 желтоқсанға дейін қоныстанған.

Әлиханның туған ауылы дәулетті еді. Қауымның отарында 522 жылқы, 97 құлын, 199 сиыр, 97 бұзау, 135 түйе, бір бота, 2080 қой, 640 ешкі бар еді. Ұсақ малға шаққанда кісі басына 21,73 қой-ешкіден келді. 1897-1898 жылы жұт болып, 140 жылқы, 58 сиыр, 15 түйе, 485 қой-ешкі қырылды. Осыны есепке алсақ, 1898 жылы жазда қауымның отарында 759 жылқы, 354 сиыр, 151 түйе, 3205 қой-ешкі қалған. Ал мұны ұсақ малға шағып, адамдарға бөлгенде 28,34 қой-ешкіден тиеді. Осы аумақта өмір сүретін адамдар үшін әр кісіге 30 малдан тисе, дәулетті деп есептелген.

Қауымның көктемгі және күзгі жайылымдық жері қысқы жайылымдықтан 6-11 шақырым жерде болады. Күзеудегі жайылымдық жер екі ру үшін де ортақ болатын.

Алғашқы жауған қар қыстауға қайтудың белгісі еді. Егер қар қазанда түссе, ауылдар қараша немесе желтоқсанды күтпейді. Дерев қыстауға оралып, қос құратын. Сондықтан қыстауды шамамен 110 күнге тастап кетіп отырды. Ауылдардың негізгі тобы көшу барысында 10-12 рет аялдама жасайды. Қауымның арлы-берлі көшіп жүру жолы 200 шақырымның айналасында және ол міндетті түрде меридионалдық бағытта жүзеге асып отырды. Көш жолының ұзақтығы мен аялдаған орындардың саны олардың әрдайым тынбастан қозғалғанын айғақтайды. Бұл екі көрсеткіш те Тоқырауын болысындағы ауылдар мен

қауымдарға тән нәрсе. Кейде мұнда 250-300 шақырымға дейін көшетіндер де кездесіп отырған. Мына нәрсеге көңіл аудармауға болмады: бүкіл ауыл көш жолында суды табиғаттағы не өзен, не бұлақтан алып отырды. Суды құдықтан алатын Әлиханның туған ауылына қарағанда, малды суаруға көп күш пен уақыт жұмсамаған.

Юрий КАНЯШИН,
тарих ғылымдарының кандидаты

БАЛА БЕЙНЕ



**БІР КҮНДЕ ЕКІ
ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАДЫМ**

Мен Қызылорда өңірінің тумасымын. Жыл сайын күзде үлкендер бір топ баланы күріштің масағын теруге алып баратын. Сырдарияның жағасында жүреміз. Кеш батарда бізді үлкен мәшинеге отырғызып, құмдауыт жолмен алып қайтады. Жанымдағы сыныптас достарым бірінен-бірі өткен спортшы. Әсіресе, Саттар мен Наурызбай нағыздың өзі. Екеуі де қылжақпас. Көліктің бортынан «салты» жасап, секіріп құмға тікесінен тік түсіп өнер көрсетеді. Артынша көлікке қайта мініп, жанымызға жайғасады. Біз болсақ шапалақ соғып, құрмет көрсетеміз. Олар одан

**Жомарт
ЗЕЙІНӘБІЛ,**
актер:



бара жатқан жокпын. Үйден барып әйнек әкеле қояйын» деппін.

«ҚЫМБАТ» ТОЙ ЕДІ

Студент кезім. Жатақханада тұрамыз. Алғаш асаба болып жүрген жылдар. Сенбі, жексенбі күндері тойға шығамыз. Телефонның енді пайда болған шағы. Сол телефонды орнатқанымызға мәзбіз. Бір күні қонырау шырылдады. Көтерсем, қырылдаған дауыс. «Мен сізді жақсы танымын. Сіздің асабалық шеберлігіңіз қатты ұнады. Біздің тойды жүргізіп бересіз бе?» деп орысша сайрап жатыр. Сөйлестік, келесі сенбі күнге келістік. Ол кезде тойға 100 долларға баратынмын. Әлгі кісіге 150 доллар дедім. Қуанып жүрмін. Дәлізге шықсам, курстас достарым Дархан, Берік, Нұржан үшеуі тұр. «Той мезгілі басталған сияқты» деп қоямын. Сөйтсем, олар «Иә, басталды. Не қылды? Саған тапсырыс түсті ме? Қаншаға келістің?» деп жан-жақтан сұрақтың астына алды. Мен де көз тиіп кетпесін дегендей азайтып айтып жатырмын. «100 доллар» дедім. Әлгілер «50 долларын неге жасырып тұрсың?» дегендей маған мысқылдай қарайды. Содан не керек, сәрсенбі күні айлық алдым. 50 доллар. Театрда аздап карта ойнайтын едім.



«Әйнек әкеле қояйын»

сайын
мәз-мейрам
болады.

Бір күні машина құмнан шығып, еніске қарай түсіп бара жатқанда «Қане, Наурызбай сенің кезегің. Мықтылығыңды көрсетші» дедім. Мақтау сүйгіш еді, жүріп бара жатқан көлікке қарамай секірді. Құм арасы, еністен еніске құдилап бара жатқан машина Наурызбайды соңына да ілестірмеді. Сөйтіп мақтаншағмыз айдалада қалып қойып, үйге түн жарымында бір-ақ келді. Ол уақытта біз кешкі асымызды ішіп болған едік. Менімен сөйлеспей қойды. Қатты ренжіді. Кейін өкпесі тараған соң «Бір күнде екі опасыздық жасадың: біріншісі — жарты жолда қалдырғаның, екіншісі — кешкі асқа үлгермегенім» деп күліп, иығымнан қакты.

«ӘЙНЕК ӘКЕЛЕ ҚОЯЙЫН»

Мектепте оқитын кезім. Үзілісте сыныптастарыммен бірге далаға шығып футбол ойнаймыз. Менің аяғым тиген доп үнемі мектеп терезесін сындырады. Бұл жағдай бір емес, бірнеше рет қайталанды. Жиналыста үнемі сол үшін сөз еститінімін. Тіпті «әйнек әкел» деп үйге жіберген кездері де болды. Бірде достарыммен доп қуып жүріп, тағы да терезені сындырып алдым. Сындыра салып үйге қарай жүргійдім. Сөйтсем, бір досым «Жомарт қайда қашып бара жатырсың? Қорықпа, сен екенінді айтпаймыз. Ешкім білмей қалады» деп жұбатып жатыр. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» дегендей, мен оған «Жоқ қашып

Колым жүрмей, барлық ақшамнан ұтылдым. Бірақ ішімде еш өкініш болмады. Өйткені сенбі күнгі



тойға сеніп отырмын ғой. Ертесі күні той иесіне хабарластым. «Ертеңгі тойды нақтылап алайық» деп жатырмын. Телефонның арғы жағындағы адамым «Жоғал әрі!» демесі бар ма. Мен аңтанмын. Бір кезде әлгі адам «Жомарт, бұл мен ғой. Нұржан Тұтов. Біз Дархан екеуміз қалжындағанбыз» деп тұр. Сонда ғана

алданғанымды ұқтым. «Алдаған олай емес, былай болады» деп Нұржанның бөлмесіне бардым да, өзінен қарыз алдым.

ҚОБЫЗЫМ ҚАЙДА?

«Қорқыттың көрі» қойылымын ең алғаш қойып жүрген кезіміз. Қорқыттың рөлінде менмін. Ал Әзірейіл — Қалдырбек Демесін ағамыз. Сахнада қобызымды әкеліп, тастың үстіне қойып қоямын. Әзірейіл келіп, жанымды алар кезде «Сонғы рет қобызыммен араздасып қалайын. Қобызыммен жылауық, Қоштасайын бір ауық. Бересің бе рұқсат?» — деп өлеңдете сұраймын. Ал Кәдірбек аға рұқсатын беріп, қобызды әкеліп беруі керек. Сол күні декорация ауысып, тасты өзгертіп қойған болу керек. Әйтеуір, қобызды таба алмай әлек болды. «Мүмкін, мен басқа жерге қойдым ба?» дейді. Таба алмады. Шарқ ұрып ізделді. Қобыз көрінбейді. Сахнаның сыртына барып та ұрысып жүр. Ақыры таппаған соң қысылғанынан шыққан сөз болу керек, маған келіп: «Әй, Абызым, қайда сенің қобызың?» демесі бар ма? Оның рөлінде мұндай шумақтар жок болатын. Мені күлкі қысып тұр. Басымды бұрдым да көзімнің қиығымен қобыз тұрған жакты көрсеттім. Әзірейіл аспапты тауып әкелді де «Рұқсат, рұқсат абызым, міне, қобызың» деп қолыма ұстатты. Қойылым біткен соң, бәріміз бір күліп алдық.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Атырау Астанаға ерекше көпір тарту етті. Есілдің екі жағалауын қосатын нысанды мұнайлы өлке Елорданың 20 жылдығына арнайы салып беріпті. Сыртқы пішіні алып бекіреге ұқсайтын көпір қала тұрғындарының көңілінен шықты.



отырып салған. Оны жобалағанда желдің әсері де есепке алыныпты. Алып көпірдің салмағы — 1920 тонна.

Велосипедшілер мен жаяу жүргіншілерге арналған көпірді және велосипед инфрақұрылымын «Өңірлердің Астанаға тартуы» жобасы аясында Атырау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Ақмола және Жамбыл облыстарының әкімдіктері тұрғызды.

Астанада - алып көпір

Көпірдің сыртқы келбеті заманауи үлгіге сай, ал жаяу жүргіншілерге арналған ішкі жағы жарық пен көленкенің қызықты көрінісін бейнелейді.

Нысанның жалпы ұзындығы — 313,5 метр, ені — 10,5 метр. Көпірде жаяу жүргіншілерге арналған алты метрлік жолақ, велосипедшілерге арналған үш метрлік жолақ, сондай-ақ қауіпсіздік жолағы, шарбақты қоршауға арналған екі жолақ бар. Көпір жабындысы үшін литакрил пайдаланылған. Ауа райы жағдайын ескере



Қазақта «Жақсыдан үйрен, жаманнан жиірен» деген сөз бар. Ресейде өтіп жатқан әлем чемпионаты кезінде жапон жанкүйерлері көрермендер отыратын алаңды қоқыстан тазалап, жұрттың ықыласына бөленген еді.



«Жақсыдан үйрен»




Солардан үлгі алды ма, кім білсін, өткен аптада актөбеліктер ойыннан кейін алаңды коқыстан тазалап, жинап кетіпті. Жақсыдан үлгі алды деген осы.

Әлеуметтік желіге жүктеген фотосуретте жастардың жұрт отыратын мінберді коқыстан тазалап жүргендері байқалады. Бұл үрліс енді басқа қалаларға жұғысты болса екен дейміз.



Алматыда - алып тиін

Алматыда алып тиін пайда болды. Сүйкімді жануардың мүсіні «Атакент» халықаралық көрме орталығының алдында. Жоба бастамашыларының пікірінше, осы ара енді қала тұрғындары мен саяхатшылар көп келетін орынға айналады.



Мүсіннің авторы — ұлыбританиялық танымал суретші Алекс Ринслер. Бұл жоба оның ТМД көлеміндегі алғашқы жұмысы. Автор мұндай алып мүсіндерді Лондон мен Шанхайда жасаған. Әсем Алматыдағы қамыстан жасалған тиіннің биіктігі — 13 метр. Мүсінге жұмсалған қаржы — 23 млн теңге. Әзірге ол әлемдегі ең үлкен тиін. Автордың айтуынша, қамыс тиін Алматының қазіргі өмірін бейнелейді. Тиін — қала көшелерінің прототипі. Суретші сол арқылы шаһар тұрғындары мен саяхатшыларға әсем Алматыны өзгеше қырынан көрсетуді мақсат етіпті. Алайда сәулет туындысы дүниеге келер-келмес әлеуметтік желіде өткір сынға ұшырады.



**«Шаш тойын»
естідіңіз бе?**

Маңғыстауда «Шаш тойы» деп аталатын ғұрып бар. Бала 1 жасқа келгенше шашын амай, жасқа толғанда той жасап, сәбидің шашын нағашылары алады екен. Бір адам емес, бірнеше қонақ қатар шығып, кішкентай баланың шашын жақсы тілек айтып қырқады.



Бұл ғұрып еліміздің басқа өңірінде кездеспейді. Қазақтың байырғы салт-дәстүрінде сәби қыркынан шыққанда, шаш-тырнағын алып, «қыркынан шығару» ырымы өтелген. Ал оның қарын шашын шүберекке түйіп, сәбиге тіл-көз тимесін деген ырыммен киіміне тағып қоятын болған.

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2121;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 18 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.